



АБАЙЛАҢЫЗ,
ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ!

2-бет



7 ТҮЙІННІҢ ЖЕМІСІ

6-бет



Жандос ТЕМІРФАЛИ,
«KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы
басқарма төрағасының орынбасары:
«МАҚСАТЫМЫЗ – ЕЛДІҢ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
ИМИДЖІН ІЛГЕРІЛЕТҮ»

8-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОМАРТА ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАШАН ДАМИДЫ?



Тарихқа көз жүгіртер болсақ қазақ жеріндегі омарташылықтың гүлденген дәуірі өткен ғасырдың 90 жылдарымен тұспа-тұс келеді екен. Сол жылдары республикадан жылына 50 мың тоннаға дейін бал экспортталыпты. Қазақстандық бұл өнімнің тұтынушысы Германия, Жапония, Оңтүстік Корея және Қытай болған. Яғни, омарташылық жалпы ішкі өнімнің басым бөлігін беретін ауыл шаруашылығындағы ең табысты саланың бірі болды.

(Соңы 3-бетте)

САРАП

СЕНІМГЕ ҚИЯНАТ ЖАСАУ АДАМГЕРШІЛІККЕ ЖАТ

Қазақстан Республикасының азаматтары заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жекеменшігінде ұстай алатыны Конституцияның 26-бабында бекітілген. Алайда бүгінгі күні меншікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішіндегі ең көп таралғаны және қоғамға едәуір қауіптісі – ұрлық. Сонымен қатар, бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру немесе алаяқтықпен алдау арқылы сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін иемдену де жиі кездеседі.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор И.Ш.Борчашвили Қылмыстық кодекстің баптарына жеке-жеке түсіндірме берген. Соған сай қылмыс объектісі меншік құқығы (қатынасы) болып табылатынын, сол жолда алаяқтардың объективті төрт әдісін: алдау жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру; сенімге қиянат жасау жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру; алдау жолымен бөтеннің мүлкіне құқық алу; сенімге қиянат жасау жолымен бөтеннің мүлкіне құқықты иемденуді ажыратып көрсеткен.

Алаяқтық жолмен қылмыстық құқық бұзушылық жасау әрекеті кем дегенде екі адамның, яғни өтірікші (алаяқ), алданған (жәбірленуші) арасында альтернативті екі түрлі әдіспен жасалуы мүмкін.

Біріншіден, қылмыскер алдау-арбау амалын қолданып бөтеннің мүлкін иемденсе, екінші жағдайда басқаның сеніміне кіріп, оған тиесілі мүлікке құқықты иемдену арқылы қастық жасайды.

Қылмыстық істерді қарайтын Атырау қаласының №2 сотында меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар ішінде ұрлық басым. Алайда азаматтарды алдап, олардың сеніміне қиянат жасап, алаяқтыққа баратындардан келер қауіп те аз емес.

2022 жылдың үш айының қорытындысына тоқталатын болсақ, сот өндірісінде 168 тұлғаға қатысты 130 қылмыстық іс болды. Осы 168 тұлғаның ішінен Қылмыстық кодекстің 190-бабымен

алаяқтық қылмысын жасаған 16 тұлға сотталды. Сотталған 16 тұлғаның 6-уы нәзік жандылар. 6 тұлғаның жоғары білімі, 9 тұлғаның орта білімі, 1 тұлғаның арнайы орта білімі бар. Осы тұлғалардың 7-уі бас бостандығынан айыру жазасына, қалғандары қылмыстың санатына қарай заңда көзделген баламалы жазаларға сотталған.

Енді алаяқтық қылмысы бойынша соңғы 3 жылдың статистикасына көз жүгіртсек:

2019 жылы алаяқтық қылмысы үшін 39 тұлға сотталса, оның 17-сі нәзік жандылар. 11 тұлғаның жоғары білімі, 27 тұлғаның орта білімі, 1 тұлғаның аяқталмаған жоғары білімі бар. Осы тұлғалардың 13-і бас бостандығынан айыру жазасына, қалғандарына қылмыстың санатына қарай заңда көзделген баламалы жазалар шығарылған.

2020 жылы алаяқтық қылмысы үшін барлығы 64 тұлға сотталды, оның 31-і әйел адамдар. Олардың 28-і бас бостандығынан айыру жазасына, қалғандары қылмыстың санатына қарай заңда көзделген баламалы жазамен сотталған. Ал 2021 жылы 95 тұлға сотталса, оның ішінде 44-і әйел, 48 тұлға жоғары білімді, 42 тұлға орта білімді.

(Соңы 4-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Өмірәлі ЖАЛАИРИ,
Д.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының ректоры,
заң ғылымдарының докторы:

БИЛІК
ОРГАНДАРЫНДА ТЕК
КӘСІБИ МАМАНДАР
ҚЫЗМЕТ ЖАСАУЫ
КЕРЕК

– Республикалық референдум
өткізуге қоғамда қажеттілік бар
ма?

– «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдағы сауал қойылатын бұл референдумның тарихи маңызы бар. Мұндай жағдайда халықтың таңдау жасауы міндетті түрде керек. Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың Парламент арқылы қабылданғаны дұрыс емес дегенді заңгерлер бұрыннан айтып жүретін. Өйткені, заң шығарушы органның жасақталуының өзінде кемшілік болды. Парламент депутаттары партиялық тізіммен қабылданды.

(Соңы 5-бетте)

АБАЙЛАҢЫЗ, ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ!

Қаржы пирамидаларының құрбанына айналғандар жыл Кеткен сайын көбеюде. Неғұрлым көбірек адамды алдап, пайда табуды көздейтін алаяқтардың асығының алшы түсуіне ең алдымен азаматтардың өзі кінәлі. Қарап отырсақ қаржы пирамидасын құрушылардың жоспары әшкере болып, қылмысы ашық айтылып, сақтандыру шаралары тұрақты жүргізілгенімен, азаматтар өзгенің қателігінен ешбір сабақ алмай келеді.

Азаматтар мұндай жағдай менің басымнан өтпейді, соншама адамды тақырға отырғызғандар мені алдай алмайды деп қате пайымдайды. Ал алаяқтарда аяушылық сезім болмайды. Әуелден қаржы пирамидасын құрарда олар адамдықты ысырып қойып, елді алдаумен, арбаумен пайда табамыз деп алдына мақсат қойған. Сондықтан құрығына зейнетақысын тиындап жинап жүрген карт ілінсе де, сырқатына дауа бола ма деп ақшасын көбейтуді армандаған жарымжан жан жолықса да бәрібір. Оларды жесірдің де, жетімінің де көз жасы тоқтата алмайды.

Қылмыстық кодекстің 217-бабында қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құрушыларға қатысты жауаптылық белгіленген. Қаржы пирамидасын құрушылардың қоғамға келтірер зардабы орасан. Олардың торына түсіп, қаржысынан қағылғандар саны ондап емес, жүздеп саналады.

Қаржы пирамидасын құрушылар жер, баспана үшін нарықтан төмен баға ұсынып, пайызы аз несиemen қызықтырады. Алдына келген жанның түпкі ойын көзқарасынан білетін алаяқтар психологияны әбден меңгерген. Тілі майда, жүзі жылы болып көрінетін олар уәде беруге шебер, сыйлық ұсынуға жомарт. Сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай қаржы пирамидасын құрып, соңынан талай адамды ілестіргендердің басым бөлігі жоғары білімді, қоғамдағы, нарықтағы ахуалды өз



бетінше терең сараптап, қорытынды жасай алатын жандар. Ең бастысы, олар біреудің қалтасында жатқан ақшаны шығаруды біледі. Қаржы пирамидасына алданғандар өздерімен сөйлескен адамдардың биязы, сенімді көрінісімен қатар, әдемі киініп, қымбат көліктермен жүретініне назар аударған. Яғни, бұл алаяқтардың өз дегеніне қол жеткізу үшін болмашы заттардың өзін елеусіз қалдырмайтынын көрсетеді.

Қаржы пирамидаларын құрушыларға жаза қатаң. Қылмыстық кодекстің 217-бабына сәйкес, қаржылық пирамида құрып, оған басшылық еткендердің мүлкі тәркіленіп, үш мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Тиісінше, қаржылық пирамиданы адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен;

бірнеше рет; өзінің қызмет бабын пайдалана отырып; ірі мөлшерде ақшаны немесе өзге мүлікті тарта отырып жасалған дәл сол іс-әрекеттері үшін жауаптылық одан да жоғары.

Қаржы пирамидасын құрғаны үшін ұзақ жылға бас бостандығынан айырылған адамдарды БАҚ арқылы ашық көрсетіп жатамыз. Алаяқтардың шырмауына түскен жәбірленушілерге де жиі сөз беріледі. Сондағы мақсат – қылмыстың алдын алу, халықты алаяқтардан сақтандыру. Өкінішке қарай, ескертуден сабақ алатындар аз.

Пирамиданы қалай тануға болады? Онда біріншіден, банктер ұсынған мөлшерлемеден жоғары пайда табасың дейді. Бұл шындыққа сай емес. Екіншіден, сонынан адамдарды ілестіргені үшін бонус төлейтінін басты орынға қояды. Салмақты қаржы

ұйымдары тұтынушыдан қосымша адам тартуды талап етпейді. Осыны түсінбегендіктен, өзі қаржы алаяқтарының қармағына түскен адам жақындарын да сазға отырғызып жатады. Жалпы, тез баюды, жылдам пайда табуды ұсынған ұйымдарға әрқашан күдікпен қарау керек. Қаржы пирамидасына алданғандарда сауаттың төмендігімен бірге, ашкөздік те бар. Бұл үрдісті тоқтатудың бірден-бір жолы – халықтың құқықтық, қаржылық сауатын арттыру. Сондықтан қаржы мониторингі мен қаржыны реттеу агенттіктері, құқық қорғау органдары қаржы пирамидаларына шақыратын сайттарды анықтап, жұмыс әдістерін саралап, ақпараттандыру, алдын алу жұмыстарын тұрақты жүргізуі тиіс.

Сержан БАЙБОЛОВ,
Жетісу аудандық №2 сотының
төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



ТАҒЫМ

БАСТАМА

Мемлекеттік қызметтің басты тұтынушысы – халық. Сондықтан мемлекетімізде қабылданған кез келген заңның түпкі мақсаты – адам құқығын мінсіз қорғаумен айқыңдалса, мемлекеттік бағдарламалардың негізгі бағдары – азаматтарға жедел, сапалы, кедергісіз қызмет көрсетуді көздейді. Тәуелсіздік алған кезден бастап отандық заңнамалар жасақталып, мемлекеттік қызметтің сапасы айтарлықтай жақсарды. Қазіргі жағдайды бұрынғы кезбен салыстыру мүмкін емес.

Айталық бұрын бір анықтама алу үшін бірнеше мемлекеттік мекеменің есігін тоздыруға тура келетін. Бір құжат үшін бірнеше анықтама жинау қалыпты

шығарып алу өте жеңіл. Осының бәрі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша атқарылған кешенді жұмыстардың жемісі. Циф-

ЦИФРЛАНДЫРУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ САПАСЫН КӨТЕРДІ

жағдай еді. Сол үшін азаматтар қаншама уақытын жоғалтып, бітпейтін кезекке тұрып, жүйкесінен, қаржысынан айырылатын. Қызмет ұсынудағы мұндай қолдан жасалған қиындықтардың зардабы аз емес. Соның кесірінен, жұмысын таныс арқылы әуре-сарсаңсыз бітіргісі келетіндер қатарының көбейіп, бұл мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлықтың кең етек жаюына алып келгені шындық. Мемлекеттік қызметті жетілдіру бойынша жылдар бойы жүргізілген реформалардың нәтижесінде осы кемшіліктер рет-ретімен шешімін тапты. Қазір азаматтардың қажетті қызметті алуы жеңіл әрі оңай.

Мемлекеттік қызмет көрсету саласын жетілдіруде азаматтардың күнделікті ұсыныс-тілегі толық ескерілді. Бұл кадр таңдауда, мемлекеттік қызметкерлердің білімімен қоса әдебіне, өзін-өзі ұстау мәдениетіне, жұмыстың дұрыс ұйымдастырылуына қатысты талаптарды күшейтіп, онтайландыруға ықпалын тигізді. Әсіресе, жаңа технология игіліктерінің қолданысқа енгізілуі мемлекеттік қызметтің бет-бейнесін толық өзгертті. Бүгінде барлық қызметті онлайн алуға жол ашылған. Азаматтарға уақытын жоғалтып, қаржысын шығарып мемлекеттік мекемелерге арнайы барудың қажеті жоқ. Анықтамаларды

рландыру барлық саладағы бюрократияны жойды, жемқорлыққа тегеурінді тосқауыл қойды.

Мемлекеттік қызметті күн өткен сайын жаңартып, жаңғыртудың арқасында жер учаскесін алу үшін кезекке тұру да автоматты түрде, қашықтан жүзеге асырылатын болды. Қазақстанның электронды үкімет порталында жекеменшік тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскесін алуға кезекке тұру қызметінің іске қосылуы – сондай сүйіншілейтін жаңалықтың бірі. Соның арқасында енді азаматтар жер алу кезегіне қашықтан тұрып қана қоймай, оның қозғалысын онлайн түрде бақылай да алады.

Бұл жаңашылдықтың халыққа тигізер пайдасы зор. Өйткені, бұған дейін тұрғын үй салуға арналған мемлекеттен берілетін жерді алу үшін тұрғындар жергілікті әкімдікке баратын. Тізімге ілінуден бөлек, кезектегі нөмірін, өзіне қашан жер телімі берілетінін білу үшін де азаматтарға әкімдікке баруға тура келетін. Ал жаңа жүйенің арқасында EGov порталында жаңа функция іске қосылды. Енді азаматтарға ғаламтор мен порталға кіретін құрылғы болса жеткілікті.

Бүгінде әкімдікке сауал жолдайтын, көмек сұрайтын азаматтар баршылық.

Еліміздің Ата Заңы мен халықаралық құқық нормаларында адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде белгіленген. Осыған орай, жәбірленушілерге қылмыспен келтірілген залалды өтеу мәселесі басты назарда тұр. 2018 жылғы 10 қаңтарда Мемлекет басшысы қол қойған «Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы» заң сөзіміздің дәлелі.

ӨТЕМАҚЫ – ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ БЕРІЛЕТІН БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМ

Жәбірленушілерге өтемақы қоры – осы заңнамада көзделген тәртіппен ақша түсімдерін есепке жатқызу және жәбірленушілерге өтемақы төлемін жүргізу үшін орталық уәкілетті органда ашылған бақылау шоты. Бұл заңның негізгі мақсаты – жәбірленушілерді қорғаудың құқықтық тетігін қалыптастыру, жәбірленушілерге немесе олардың өкілдеріне біржолғы белгіленген ақшалай соманы төлеу түрінде материалдық көмек көрсету болып табылады.

Адам жәбірленуші деп танылғаннан кейін ол қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органға өзіне өтемақы тағайындау туралы өтініш жасауға құқылы. Өтемақы – Қылмыстық-процестік кодекске сәйкес жәбірленуші деп танылған адамға осы заңда белгіленген тәртіппен берілетін біржолғы ақша төлемі. Қайтыс болған адамның барлық отбасы мүшелеріне бір өтемақы төлемі тағайындалады. Бір отбасының мүшесі болып табылатын қайтыс болған әрбір адамға жеке өтемақы төлемі тағайындалады.

Жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында, 2018 жылғы 1 шілдеден бастап сот кінәлі тұлғалардан қорға

өтемақы өндіріп алуды жүзеге асыруды бастады. Яғни, сот айыптау үкімін шығарған кезде кінәлі адамдардан жәбірленушілерге өтемақы қорына Қылмыстық кодекстің 98-1 және 98-2-баптарының негізінде мәжбүрлі төлем өндіріп алады.

Заңда жәбірленушілерге өтемақы тағайындау мен төлеудің тәртібі және мерзімі де айқындалған. Бұл ретте қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жәбірленушіге өтемақы алу құқығын түсіндіреді және оның өтінішін тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды. Заңда белгіленген мөлшерде өтемақы тағайындап, оларды және алушылардың тізімін жасайды, оны қазынашылыққа береді. Қазынашылық өтемақыны күнтізбелік он күннен кешіктірмей жәбірленушілердің банктік шотына аударады. Алайда, өтініш берудің ескеру мерзімі адам жәбірленуші деп танылған күннен бастап үш жылды құрайды.

И.ДОСЕТОВ,
Маңғыстау облыстық
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының төрағасы

ТАҒЫМ

ПӘРМЕН

ЗАЛАДЫ ӨТЕУ ЖАЗАДАН БОСАТПАЙДЫ

Бүгінде ауыл-аймақтағы өзекті мәселелердің бірі – мал ұрлығы. Статистикалық деректерге назар салсақ, елімізде жасалатын қылмыстың 70 пайызын ұрлық құраса, оның ішінде жиі кездесетіні үй тонау мен мал ұрлығы екен. Тіпті, соңғы жылдары мал ұрлығы қылмыстық кәсіпке айналғандай.

Әккі қылмыскерлер топтасып, бірі малды ұрлауды ұйымдастырса, екіншісі тасымалдап, тағы бірі қара базарда саудалап, қылмыстың ізін суытып үлгереді. Сондай-ақ, мал иелері де ұрланған малы туралы дер кезінде құқық қорғау органдарына хабарламай, іздеуге асықпай ұрылардың ұзап кетуіне жағдай жасайтыны тағы бар. Осылайша малынан айырылғандың кеш біліп, сан соққан тұрғындар «тергеу тиянақсыз, ұрылар бостандықта, мал табылмады», – деп жиі шағымданып жатады.

Бұл мәселе Мемлекет басшысын да бейжай қалдырмады. Соған орай Президент «Заңға өзгертулер енгізуді тапсырдым: алкогольді ішімдіктердің кез келген түрін ішкен күйінде көлік жүргізгені үшін, сондай-ақ, мал ұрлығы үшін берілетін жазаны қатандату қажет, деген болатын. Тапсырма аясында Қылмыстық кодекске 188-1-бап, яғни «мал ұрлау» деген жеке бап қосылды. Тарқатып айтар болсақ, мал ұрлау, яғни, бөтеннің малын жасырын жымқырғандардың алдымен мүлкі тәркіленіп, үш мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салынып не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Ал, егер, ірі мөлшерде мал ұрланса, сонымен қатар мал ұрлығын алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған болса мүлкі тәркіленуімен қатар, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Осы орайда, мал ұрлығы бірнеше рет, тұрғын үй-жайдың, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің, мал қораның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалса, оны қылмыстық топ жасаса, аса ірі мөлшерде жасалса жазаның қатандай беретінін ескерген жөн. Тағы бір айта кетерлігі, бұл ауыр қылмыс қатарына жататындықтан, енді мал ұрлағандар зардап шегушімен татуласу арқылы немесе зардаптың орнын толтыру арқылы жазадан жалтару мүмкіндігінен айырылады.

Оңай олжа табуға әбден дәнгіп алғандар көбіне малды өрісте жүрген жерінен үтпей кетуге құмар. Оның үстіне, малдың бағылмауы, өрісте қараусыз қалуы ұрыларға оңтайлы жағдай туғызып-ақ тұр. Ауыл-аймақтағы ағайын үшін мал – күнкөрістің бірден-бір көзі. Бір кәдеме жаратсам деп өсірген малынан көз жазып қалу мал иесіне оңайға соқпасы анық. Мемлекет басшысы «Адал еңбек етіп, күнін көріп отырған малшыларды қорғауымыз қажет», – деген еді. Міне, жазға қатандатылғалы мал ұрлығы азайып келеді. Дерек көздеріне сүйенсек, биыл мал ұрлығы 32,7%-ға төмендеп, ұрланған малдың 44,1%-ы қайтарылған (1300 малдың 573-і табылған).

Абай САБИРАДИНОВ,
Түпқараған аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өндірілген өнім көлемі жағынан Қазақстан Кеңес одағында Ресей, Украина және Беларусьтан кейін 4-орында тұрды. Сыртқы сауда-саттықта бюджет қоржынына шетелдік валютамен кіріс кіргізіп тұрған бұл саланың қызметін үйлестіру үшін Ауыл шаруашылығы министрлігінде арнайы басқарма жұмыс жасады. Тәуелсіздіктен кейінгі қайта құру дәуірінде кеңшарлар мен ұжымшарлар жекешелене бастаған кезде омарта шаруашылығы да ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, сала дамудың орнына қайта кері кетті. Министрліктегі басқарма да қысқартуға түсіп, 2000 жылдары бал өндірісі 50 мыңнан 2,5 мың тоннаға дейін күрт қысқарды. Соңғы 20 жылда өндіріс қайта жанданғандай болғанымен, өнім көлемі 15 мың тоннаға әрең жетті.

Бал ұстаған бармағын жалайдының заманы өтті

Отандық және шетелдік сарапшылардың бағалауынша, казак жерінде теория бойынша жылына 5 млн тонна бал өндіруге мүмкіндік бар. «Бал-Ара» Қазақстан омарташылары ұлттық одағының мәліметтеріне қарағанда, елдегі омарташылар саны 10 мыңның айналасында. Олар негізінен Алматы, Жамбыл,Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында шоғырланған. Егер мемлекет тарапынан қолдау жасалса, республиканың барлық аймағында омарташылық кәсіпті жандандыру арқылы, бұл салада 100 мың адамға жұмыс орнын құруға мүмкіндік бар. Сондықтан Қазақстан омарташыларының ұлттық одағы кезінде денсаулықты жақсартуға ғана емес, адамның шығар-

машылық қабілетін дамытуға да зор әсері бары ғылыми түрде дәлелденген. Бал өнімдерін балабақша, мектеп, аурухана, карттар үйі сияқты әлеуметтік нысандардың ас мәзіріне енгізуге ұсыныс жасап, сынақ жүргізілген болатын. Алайда атқарушы биліктегі өзгерістер кесірінен кезінде сәтті басталған бұл жоба өз жалғасын таппай, орта жолда қалып қойды.

Ауылды, ауыл шаруашылығын дамытуға арналған түрлі бағдарлама, жоба-жоспарларға бөлінген миллиардтаған қаржыдан омарташыларға тиын-тебен ғана бөлінді. Мамандардың 1 гектар жерге егілген астықтан 300 доллар ғана табыс табуға болатынын, ал егер оған түйебұршақ еккен жағдайда оның гүлінен жиналған балдан ғана мың доллар табыс табуға болатынын және түйебұршақтың өзін мал шаруашылығы азығы ретінде де кәдеге жаратып, тіпті егістікті 5-7 жылға дейін минералдық тыңғайтқышқа деген тәуелділіктен де құтқаруға болатыны туралы ұсыныстарын Ауыл шаруашылығы министрлігінен еститін жан табылмады.

Омарташылар көмегімен қант тапшылығын жоюға бола ма?

Омарта шаруашылығы арқылы елдегі қантқа деген сұранысты да азайтуға болатынына ең бірінші боп Қазақстан фермерлері қауымдастығы назар аударған болатын. Төраға орынбасары Ербол Есенеєв бір сұхбатында өз талдаулары бойынша әрбір қазақстандық жылына 27-28 кг қант тұтынады. Қарапайым наннан бастап, түрлі тәттілер мен сусынға дейінгі сан алуан азық-түлік түрлерінде қант бар. Мәселен 2019 жылы елімізде тұтынылған 500 мың тонна қанттың 250 мың тоннасы 14 млн долларға шетелден экспорт-

ОМАРТА ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАШАН ДАМИДЫ?

талған. Егер бұған құрамында қанты бар сырттан әкелінетін азық-түліктерді қосатын болсақ бұл сан бұдан әлдеқайда көбірек болып шығатыны баршаға түсінікті шығар. Ресейдің қант экспортына шектеу енгізуіне байланысты биыл Қазақстанда оның бағасы 240-тан 600 бен 1000 теңгеге дейін шарықтап кеткенін ескерер болсақ, омарта шаруа-

шылығының әлеуетін дұрыс бағамдап, импортқа деген тәуелділікті азайту мүмкіндігіне Үкімет назар аударуы тиіс еді.

Қазақстан былтыр кедендік құны 32,6 млн теңге болатын 83,5 тонна балды шетелге экспорттаған еді. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда еліміз биыл алғашқы тоқ-

санда ғана Еуразиялық экономикалық одақ құрамындағы елдерден 50 млн доллардың қантын импорттап, 2 млн доллардың қантын экспорттаған. Былтырғы жылдың сәйкес кезеңінде ондағы импорт 53 млн доллардан асып, экспорт 1,8 млн долларды құраған болатын.

МАМАН ПІКІРІ

Ғабит НҮРӘДІЛ,
«Бал-Ара» Қазақстан омарташыларының ұлттық одағының және Еуропа омарташылары одағының вице-президенті:

– Бал өнімін ұлғайту үшін омарташылар саны да көп болу керек. Қазір бізде орта есеппен 10-12 мың ғана омарташы бар. 2015 жылы Асқар Мырзахметов Ауыл шаруашылығы министрі боп тұрған кезде Орталық компетенция ұйымы құрылып, жақсы бір бағдарлама қабылданған. Омарташылар санын көбейту үшін барлық облыстарда бұл кәсіпті игерем деген адамдарға мүмкіндік беріліп, біз оларды үйреткенбіз. Сол кезде мемлекет тарапынан инвестсубсидия деген болды. Павилон алып, ара ұяларының санын көбейтем десе ақша да бөлінді. Кейін министр ауысқан соң омарташылық ауыл шаруашылығының басым бағытының бірі ретінде қаралмайтын болды. Халықтың тұрмысын жақсарту үшін омарташылықты дамытудың әлемде озық тәжірибесі көп. Мәселен, Бангладеш кәсібі жоқ адамдарға ара мен оның құрал-саймандарын беріп кедейшілікпен күресте жақсы нәтижеге жетті. Сол саясат нәтижесінде әр бангладештік қазір жылына 4 кг бал жейді. Бізде бұл көрсеткіш 60 грамм.

Қазір әлемде 7,5 млрд халық бар. Ол 10 млрд болған кезде жердің құнарлығы оны қамтамасыз етуге жетпей қалады. Ал біздің дастарқанамыздағы азық-түлік өнімдерінің 70 пайызы араны тозаңдандырудың нәтижесінде алынады. Ара өнімділікті 50-60 пайыз арттырады. Біздің одақ омарташылар санын 100 мыңға жеткізуді ұсынды. Егер омартаны ұстау мәдениеті дұрыс дамыса, елімізде қысқа мерзімде кемінде 1 млн тонна бал өндіруге мүмкіндік туар еді. Бұл қиял емес. Мемлекет қолдау көрсетсе, қолдан келетін шаруа.



Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

БАЙҚАУ

Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының қолдауымен «QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қоры журналистер арасында дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша үздік материалдар байқауын жариялады. Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында ұйымдастырылып отырған бұл шара биыл бесінші жыл қатарынан өткізілуде. Байқау аясында интернет-ресурстағы қазақ тіліндегі ең үздік мақала, интернет-ресурстағы орыс тіліндегі ең үздік мақала; интернеттегі және әлеуметтік желілердегі ең үздік тақырыптық әлеуметтік бейнеролик; ең белсенді блогер номинациялары белгіленген. Ал байқаудың жалпы жүлде қоры 1 250 000 теңгені құрап отыр.



ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ – ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Дәстүрге айналған байқауға жылына 60 шақты журналистер мен блогерлер қатысып келеді. Олардың ұсынған жобасы осы байқауға арналып жазылуы тиіс. Яғни, осыған дейін жарық көрген мақалалар емес, байқау жариялаған соң арнайы жазылып, еліміздің зайырлы мемлекеттік құрылымын қарапайым әрі ұғынықты тілмен түсіндірген, дін атын жамылған экстремистік ағымдардың қоғамға зияндылығын түсіндірген, дәстүр мен діннің өзара байланысын жеткізе отырып, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған, теріс діни топтардың идеологиясы мен олардың зияндығын ашып көрсетуді мақсат еткен мақалалар байқауға қабылданады. Байқауға қатысқысы келген ынталылар 16 мамырдан бастап 1 қазанға дейін almaty.baiqau.2022@gmail.com электронды поштасы арқылы өз шығармасын жолдай алады.

Қоғамымыз үшін діни экстремизмнің алдын алу аса маңызды болып отыр. Өйткені, қоғамды дүрліктіріп, халықтың ашу-ызасына тиген, талай жазықсыз жанның өмірін жаламаған лаңкестік әрекеттердің басым бөлігі діни экстремистердің қолымен жасалғаны жасырын емес. Сондықтан Мемлекет басшысы да діни экстремизмге қарсы іс-қимылды күшейту қажет екенін үнемі айтып келеді. Экстремистердің жалпы қоғамымызға, мемлекетімізге зардабы жоғары екенін ескерсек,

олармен қоғам болып күресу маңызды. Ал діни экстремизмнің зардабын қоғам мүшелеріне таразылап көрсететін журналистер болғандықтан жоғарыдағыдай байқаулар ұйымдастыру маңызды.

Сирияға кеткендер – радикалды ұйымдардың «еңбектерінің жемісі» екені жасырын емес. Оқ пен оттың арасына барған соң ғана өзінің адасып жүргенін сезінген қандастарымызды «Жусан» операциясы арқылы елімізге әзер жеткіздік. Сондықтан діни экстремизмнің алдын алу жолында қоғамымызды қажетті ақпараттармен сусындату, түсіндіру-насихаттау жұмыстары өте қажет.

Ерғали АХИЛБЕКҰЛЫ, Алматы қаласы Дін істері жөніндегі басқарма басшысының орынбасары:

– Діни экстремизмнің алдын алу үшін мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінен төрт бағытты қамтуда. Біріншісі, діни ағымның жетегінде кетіп қалған азаматтарды оңалту. Екіншіден, халық арасында түсіндіру жұмыстары болса, үшіншіден, әлеуметтік желі, порталдар арқылы жұмыс. Яғни, бір кездері халық жеткілікті ақпараттың жоқтығынан жат ағымдардың жалған уағыздарының жетегінде кеткенін ескеріп, енді оларды жойып, оның орнына халыққа

қажетті, кез келген сұрағына жауап алатындай мүмкіндік туғызып, ғаламторды халыққа қажетті ақпараты бар бейнематериалдармен қамтудамыз. Төртіншіден, дінаралық келісім. Яғни, еліміз көп конфессиялы мемлекет. Мысалы елімізде 18 конфессия тіркелсе, Алматыда 17 конфессия өкілдері тұрады екен. Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда елімізде бұл бағыттағы жұмыстар жүйеленген деп айтуға болады. Рас, діни экстремизмнің алдын алу үшін елімізде жұмыстар бұрыннан жүргізіліп келеді. Бірақ қазір бұл жұмыстар күшейтіліп, бір жолға қойылып отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар тоқталауы керек. Алматы қаласында діни ағымдардың жетегінде кеткен азаматтарға кеңес беру орталығы жұмыс жасайды. Өткен жылы сол орталықтың аясында екі мыңға жуық азаматпен әңгімелесу, түсіндіру жұмыстары жүргізілсе, биыл жыл басынан бері үш жүздегі азаматпен оңалту жұмыстары жасалған екен. Соның арқасында былтыр 113 адамды, биыл 22 азаматты дәстүрлі дінге қайтарыппыз. Сондықтан, мүмкіндігінше қоғамымызда жат ағымның жетегінде кетудің зардабы ауыр екенін түсіндіру жұмыстары көбірек насихатталғаны дұрыс деп санаймын. Бұл байқау осы мақсатта ұйымдастырылып отыр.

Қуаныш ЕРМЕКОВА

ДЕНСАУЛЫҚ

СЕРТИФИКАТСЫЗ ОЙЫНШЫҚ АЛМАҢЫЗ!

Қазіргі заманғы нарықта балалар ойыншықтарының алуан түрі бар. Балаларға тек қызықты ғана емес, сонымен қатар оларға пайдалы болатын ойыншық таңдау оңай емес. Бұл ретте, ойыншық балаға ұнап қана қоймай, оған қызықты, жасына сай және қауіпсіз болуы керек. Кеден одағының «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» 008/2013 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Қауіпсіз ойыншықты таңдаудағы басты кеңес – сатушыдан оның сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын тиісті сертификатты талап ету. Сертификаттың болуы ойыншықтардың зертханада зерттелгенін және химиялық, радиациялық, токсикологиялық тексеруден өткенін көрсетеді.

Әрбір ата-ана ойыншықтарды сатып алмас бұрын ойыншықтарды зерделеу керек, әсіресе, таңбалануы, ол көп жағдайда сәйкес келмейді. Таңбалауда келесі ақпараттар болуы қажет: ойыншықтың атауы, ойыншықты дайындаған ел атауы, өндірушінің аты мен орны, дайындаушының тауар белгісі (бар болса), ойыншықтың шикізаты, қандай жастағы балаға арналғандығы туралы пиктограмма, жарамдылық мерзімі, қажет болған жағдайда сақтау шарттары, ойыншықты қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары, ескерту жадынамалары, ойыншықты күту тәсілдері (қажет болған жағдайда).

Ақтөбе облысының 2021 жылғы өнімдерінің қауіпсіздігін мониторингілеу шеңберінде іріктелген ойыншықтарды зертханалық зерттеу нәтижелерінің талдауы бойынша 52,6% таңба талапқа сәйкес келмеді. Кәсіпкерлерге анықталған сәйкессіздіктердің нәтижесі бойынша құқық бұзушылықтарды жою жөнінде 5 ұйғарым белгіленді. Зертханалық жұмыстар негізінде үш ойыншық сертификатының күші тоқтатылды. Бала – келешек жалғасы. Ал оның қауіпсіздігі мен денсаулығы алдыңғы орында болуы тиіс. Ойыншық өндірісі мен осы сала сатушылары ең алдымен осыны естен шығармау тиіс.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

САРАП

СЕНІМГЕ ҚИЯНАТ ЖАСАУ
АДАМГЕРШІЛІККЕ ЖАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олардың 46-сы бас бостандығынан айыру жазасына, қалғаны қылмыстың санатына қарай заңда көзделген балама-лы жазаларға сотталған. Бұл тек қана бір сотта болған статистикалық көрсеткіш. Осының өзінен жылдан-жылға алаяқтық қылмысының кең тарап, оның ішінде әйелдердің алаяқтыққа қатысуының бе-лең алып келе жатқанын байқаймыз. Ал республика бойынша бұндай қылмыс-тардың саны жеткілікті екеніне дау жоқ.

Бүгінгі таңда, алаяқтық қылмысы-ның кең тараған түрі «мұнай саласы бойынша мекемелерге жұмысқа орна-ластырамын», «мемлекеттік бағдарлама немесе жеңілдіктер арқылы пәтер алып беремін» деп, қарапайым тұрғындардың сеніміне кіріп оңай жолмен ақша табу болып отыр. Сонымен қатар, енді алаяқ-тық цифрлы технологияларға көшіп, қалың жұртты аландатуда.

2002–2003 жылдары Орал қалалық сотында судья болып жұмыс жасап жүр-генімде, таныс емес адам сөйлесіп алай-ын деп телефонын сұрап алып, артынша оның көзін ала бере ізін суытып кететін жағдайларға байланысты қылмыстық істер сотта жиі қаралатын. Ол кезде ұялы телефонға көп адамның қолы жете бермейтін. Қазіргі кезде телефон арқылы жасалатын алаяқтық кең қанат жайып келеді. Соның ішінде жәбірле-нушілермен тікелей қатынасқа түспей, ұялы телефондарының есепшоттарына халыққа қызмет көрсету терминалдары арқылы ақша қаражаттарын аударту көп тараған.

Мысалы, М. атты еш жерде жұмыс жасамайтын, бұрын бірнеше рет алаяқ-тық жасағаны үшін сотты болған тұлға ақпараттық жүйені пайдаланып «ОJIX» сайтына Атырау қаласы, Тенгиз Шев-ройл компаниясының күзет агенттігіне жұмысқа орналастыру беремін деп жалған жарнама шығарып, өзіне ха-барласқан жұмыс іздеушілерге жалған атпен танысып, жәбірленушілердің сеніміне кіріп, жұмысқа орналасты-рып беру үшін алғашқы жарна ретінде 50 мың теңге сұраған. Бұл қаржыны өз атына тіркелген «Қазақстан халық банкі» АҚ-ның кәртішкісіне аудартып, жеті жәбірленушіге әртүрлі мөлшер-



дегі сомада мүліктік зиян келтірген. Таңғаларлықы барлық жәбірленуші басқа елді мекенде тұрады, жұмыс ұсынушының түрін де көрмеген және танымайды, оның нақты қай жерде кан-дай қызмет атқаратынын жіті білмейді. Дегенмен, жұмысқа орналастырып береді деген сеніммен белгісіз адамның шотына ақша аударып, кейіннен әр та-раптан жұмысқа тұрамыз деп Атырауға келгенде алданғанын бір-ақ білген.

«Ел арасында тегін ірімшік тышқан тұзағында болады» деген ұғым бар, мемлекеттік бағдарламалар бойынша жеңілдікпен пәтер алудың жолдары заңмен бекітілген. Бұл туралы күнделік-ті жаңалықтарда жиі айтылады. Деген-мен, азаматтар мемлекеттік бағдарла-мамен пәтер алу үшін сол жеңілдіктер ұсынылатын категорияда болу керек екеніне көзі жетіп тұрса да, алдап-арбауға сеніп арзан бағамен пәтер алып қалармын деген жалған сеніммен, тірнектеп жиган қаражатын алаяқтарға беріп, не уәде етілген пәтерін ала ал-май, не ақшасын қайтарса алмай, шара-сыздың күйін кешуде. Мысалы, 2022 жылдың 3 айында алаяқтық бойынша 16 тұлғаға қатысты қаралған қылмыс-тық істің басым көпшілігі мемлекеттік бағдарламалар немесе жеңілдік арқылы пәтер алып берумен байланысты.

Бұрын алаяқтық қылмыс үшін оның ішінде жеңілдікпен пәтер алып беруге байланысты бірнеше рет соттылығы болған, жанұялы, еш жерде жұмыс жасамайтын А. есімді азаматша 2018 жылдың қыркүйек айы мен 2020 жыл-дың желтоқсан айының аралығында өзінің меншігінде сатылатын пәтері жоқ бола тұра және басқа жеңілдікпен пәтер

алып беретін мүмкіндігі болмаса да бір іс бойынша 12 жәбірленушінің сеніміне кіріп, оларға жалпы 57 265000 теңге-ге мүліктік залал келтірген. Жәбірле-нушілер арасында жақын таныстары, ке-рек кезінде ақшалай көмек жасап, өзінің жеке меншік пәтерін кепілге қойып үлкен сомада несие алуға көмектескен құдайы көршісі, ең сорақысы бір атадан тараған жақын сіндісі де болған. Кейбір жәбірленушілерге өзінің жалға алған пәтерлерін «құжаттарын кейін рәсімдеп беремін» деп алдап сатып жіберген, кейбір жәбірленушілерге жаңадан са-лынып жатқан басқа біреуге тиесілі пә-терлерді көрсетіп алдап ақшасын алған. Нәтижесінде бұл жәбірленушілер алған пәтерлеріне жөндеу жұмысын жүргізіп, туыстарын шақырып қоныс той жасап қосымша шығынға ұшыраған.

Бұл жерде алаяқтардың жеке басы-ның өзіндік айырмашылығын ескерген жөн, олар негізінен еш жерде жұмыс істемейді және олардың тұрақты пайда көзі болмайды, сөйлесу барысында өздерінің алдап-арбау, адамды сендіру қабілетін ұтымды пайдаланады.

Ақпарат құралдарында бұндай қыл-мыстың себебі мен салдары күнделік-ті түсіндіріліп жатса да, алаяқтарға алданатын адамдар азаймай отыр. Сондықтан қандай да бір нәрсенің байыбына көз жеткізбей асығыс шешім қабылдаудан сақ болайық. Осы жерде «Жеті рет өлшеп бір рет кес» деген мақалды үнемі есте ұстағанымыз абзал.

Мирамбек НАҒАШЫБАЕВ,
Атырау қаласы №2 сотының
төрағасы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ЖИЫН

ҚЫЗМЕТКЕР САЛҒЫРТТЫҒЫНАН
АЗАМАТТАР ЖАПА ШЕКПЕУІ КЕРЕК

Казталов аудандық сотында заң-дық маңызы бар фактілерді анықтау-да жіберілген кемшіліктерді талқылау тақырыбында жиын өтті. Шараға судья Гүлжихан Сағитова, «Мемле-кеттік корпорация» КЕАҚ-ның Казта-лов ауданы Әлеуметтік қамсызданды-ру бөлімінің басшысы Еділ Елемесов, Казталов ауданының мемлекеттік архиві директоры Назгул Мустафина, БҚО мемлекеттік архиві Жалпақтал филиалының директоры Миржан Қа-рабалин, аудандық Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Берік Рахымғалиев, «Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ-ның БҚО бойынша филиалының ХҚКО бойынша Казталов ауданы бөлімінің маманы Гүлбарихан Батырханова және аудан әкімі аппаратының заңгері Әсел Тәжібаева қатысты.

Іс-шара барысында заңдық маңызы бар фактілерді анықтау тәртібі, әсіре-се, еңбек өтілін растау туралы істер бойынша уәкілетті орган тарапынан жіберілетін кемшіліктер талқыланды. Соның ішінде жасына сай зейнетақы төлемдерін есептеу мәселесі де бар. Қазақстанда зейнетақымен қамсыздан-дыру туралы заңының 14-бабына сай, жасына байланысты зейнетақы төлемін есептеу үшін еңбек өтілі еңбек кітапша-сымен расталады. Ал еңбек кітапшасы немесе онда тиісті жазбалар болмаған кезде жұмысы туралы мәліметтерді растайтын архивтік құжаттар не соттың шешімі негізінде белгіленеді. Судья Гүлжихан Сағитова сотта қаралған аза-маттық іс бойынша мысал келтірді:

– 2021 жылдың 31 тамызында арыз-данушы сотқа жүгінеді. Онда 1982–1998 жылдар аралығында Карл Маркс колхо-зында жұмыс жасаған фактісін анықтап беруді сұраған. Іс құжаттары бойынша



анықталғаны, БҚО Еңбек әлеуметтік қорғау департаментінің шешімі не-гізінде 2.10.2020 жылы еңбек өтілі 6 жыл 6 ай 24 күн деп белгіленіп, 26 631 теңге жасына байланысты зейнетақы тағайындалған. Істі сот талқылауына дайындау жөніндегі әрекеттерді жүргі-зу кезінде арызданушының 1980–1981 жылдары аралығында Фурманов аудан-дық орталық ауруханасында санитарка, одан кейін ДОСААФ-та радио оператор мамандығы бойынша оқыған куәлігі және 1978–1979 жылдары аралығында Фурманов ауданы, Жұлдыз қой совхозы-ның №3 фермасында малшының көмек-шісі болып жұмыс жасағаны туралы архивтік құжаты анықталды. Бұл ары-зданушының еңбек өтілін растайтын құжат болып табылады. Алайда бұл құжаттар дер кезінде уәкілетті органға ұсынылмаған. Нәтижесінде зейнеткер 1 жылға жуық уақыт зейнетақысын кем алып келген. Азаматтар зейне-тақы тағайындау үшін кеңес алуға ал-дымен уәкілетті органдарға жүгінеді, ал уәкілетті органдар және мемлекеттік архив қызметкерлері мәселені тиісті дең-гейде түсіндірмеген. Соның салдарынан еңбек өтілін есептеу үшін негіз болатын құжаттар уақытылы тапсырылмаған,

бұл зейнеткердің зейнетақы мөлшеріне әсерін тигізеді, – деді ол.

Жиын барысында мемлекеттік архив басшылары қажетті архивтік құ-жаттар мен анықтамаларды алу үшін жеке тұлғалар өз өтінішін мемлекеттік архивке тікелей немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпо-рациясы арқылы және www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсыра алатынын және кейбір жағдайда өтініш берушілер өздерінің нақты жұмыс жасаған уақытын, жұмыс жасаған колхоз, совхоз атын дұрыс жаз-байтынын көрсетті.

– «Халық үніне құлақ асатын мем-лекет» тұжырымдамасы – бұл ел Пре-зиденті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауына арқау болған бағыттың бірі. Сондықтан да алдымызға келген ада-мның мәселесін шешіп беруге ұмтылу керек. Әр маманның басты қызметі азаматтардың сұраныс-өтініштеріне жан-жақты, сапалы әрі уақытылы жауап беру екендігін назардан тыс қалдырмау қажет, – деп, судья жиынды қорытын-дылады.

Казталов аудандық сотының
баспасөз қызметі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰЛАҚАҒЫС

ЖАЛҒАН ЖАРНАМАҒА СЕНБЕҢІЗ!

Соңғы кезде алаяқтар «KAZ Minerals тобының» атауын пайдаланып, азаматтар-дың жеке деректері мен қаржысын алуға тырысқан жағдайлар жиіледі. Белсенділік, әсіресе, әлеуметтік желілерде қатты байқалып отыр. Онда түрлі посттар таратылып, жалған жарнамасы бар сілтемелер жариялануда.

– Соңғы уақытта алаяқтар қаржы институттарымен шектелмей, халықты алдау мақсатында экономиканың басқа секторларындағы табысты брендтерді «пай-даланып» жүр. Оның ішінде KAZ Minerals та бар. Біздің ресми мәлімдемеміз – компания азаматтарға арналған инвестициялық бағдарламаларды жүргізбейді. Жакында ол биржадан кетіп, жекеменшік компанияға айналды және енді оның еркін айналымдағы акциялары жоқ. Қазақстандықтарды қырағылық сақтауға, ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын ұстануға, өзінің жеке деректерін ешкімге хабарламауға, күмәнді ақпаратты компанияның ресми ресурстары арқылы тексеруге шақырамыз. Ал ең бастысы – таныс-туыстарыңызға «қыруар қаржы әкелетін» қадамдарға бармау туралы ескертіңіз, – дейді компанияның корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы Мақсұт Жапабаев. Оның айтуынша, топ тиісті материалдарды әлеуметтік желілердегі және жеке ақпараттық ресурстардағы ресми аккаунттарында жариялады. Сондай-ақ, Ішкі істер және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнер-кәсібі министрліктері мен өзге де ведомстволарға өтініштер жолдады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

ӨРКІМНІҢ БІЛІКТІ ЗАҢ
КӨМЕГІН АЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР



Т. БЕРШБЕКОВА,
Әділет департаментінің
құқықтық түсіндіру
және халыққа
заңгерлік қызмет
көрсету бөлімінің
бас маманы

Өркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықта-рын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы. Сон-дай-ақ, әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

Конституциямызда көрсетілгендей әрбір азаматтың құқығының қорғалуына кепілдік берілген. Өкінішке қарай, әртүрлі жағдайларға байланысты барлық азамат-тар ақылы заңгерлік кеңес немесе адвокаттық қызмет ала алмайды. Сондықтан әлемдік тәжірибеде халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың әртүрлі нысаны бар. Мұндай жағдайда азаматтарға мемлекет кепіл-дендірілген заң көмегін тегін, яғни, мемлекет есебінен береді.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегі Қазақстан заңнамасына сәйкес азаматтық, әкімшілік және қылмыстық процестер барысында ұсынылады. Ол оны алуға құқығы бар жеке тұлғаларға көрсетілуі мүмкін. Бұл қызметті көрсетуде аумақтық әділет ор-гандары уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

Сондай-ақ, аталған заң көмегі құқықтық ақпараттандыру және құқықтық консультация беру, соттарда, қылмыстық құдалау органдарында, басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және білдіру, жеке сот орындаушыларының алимент-тер мен жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындауы бойынша мәжбүрлеу шараларын қабылдау түрінде көрсетіледі.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде, сондай-ақ, адвокаттар, нотариустар, жеке сот орындаушылары көрсетеді. Егер өтініш беруші оны алуға құқығы бар адамдар санатына жатпаған және өтініш берушінің өтініші құқықтық сипатта болмаған жағдайда, құқықтық консультация беру, қорғау және өкілдік ету түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тар-тылады.

2020 жылдан бастап елімізде жүргізіліп жатқан цифрландыру саясатына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегі жүйесіне «Е-Заң көмегі» ақпараттық жүйесі енгізілді. Ақпараттық жүйені іске қосудың негізгі мақсаты халыққа білікті заң көме-гін, сондай-ақ, заң көмегімен қамтамасыз ету бойынша адвокаттық қызмет пен заң кеңесшілері қызметін автоматтандыруды жеңілдету болып табылады. Осы мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу санатына жататын азаматтар адвокатты немесе заң кеңесшісін «Е-Заң көмегі» бойынша біліктілігі мен тәжірибесіне сәйкес таңдау мүм-кіндігіне ие.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдаудың тағы бір нысаны – кешенді әлеу-меттік заң көмегін көрсету. Заңда азаматтардың адвокаттардан да, заң кеңесшілері-нен де «Pro bono» тәжірибесі бойынша тегін және толық сүйемелдеумен білікті заң көмегін алу көзделген.

Кешенді әлеуметтік заң көмегі:

- «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңға сәйкес өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға;
- атаулы әлеуметтік көмекке құқығы бар адамдарға;
- Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және оларға теңестірілген адамдарға;
- бірінші және екінші топтағы мүгедектерге;
- жасына байланысты зейнеткерлерге;
- қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын қарттар мен мүгедектерге көрсетіледі.

Қазіргі уақытта мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету мәселесі мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Осы ретте кешенді әлеуметтік заң көмегін енгізудегі pro bono бастамасының маңызы айрықша.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

СЕРВИСТІ ПАЙДАЛАНУ
ХАЛЫҚҚА ТИІМДІ

«Сот кабинеті» сервисін пайдалану халыққа өте тиімді. Сервиске тіркелгеннен кейін азаматтар сотқа талап арызбен, талапты қамтамасыз етумен, пікірмен, қарсы талаппен, сот актілерінің көшірмелерін беру туралы арызбен, апелляциялық және кассациялық шағыммен жүгіне алады.

Сотта «Төрелік» бағдарламасы арқылы іске шақырылатын тұлғалардың ұялы телефондарына сот отырысының болатын уақыты мен орны туралы SMS хабарла-малар және сотқа шақырту қағазын жіберу мүмкіндігі бар. Осы хабарлама арқылы сотқа шақырылған тұлға ҚР Жоғарғы Сотының www.sud.gov.kz сайты арқылы сотқа шақыру қағазының электрондық нұсқасын телефонына жүктеу арқылы өзіне басып шығара алады. Осы қызмет түрі де сот мамандары мен азаматтарға тиімді екенін көрсетті.

Жалпы, 2022 жылдың 3 айында Қорғалжын аудандық сотына 27 арыз осы «Сот кабинет» сервисі арқылы түскен. Аталған сервис сот органдары жұмысына жаңа технологияларды қолдануды сәтті енгізіп, жүзеге асыруда.

Б.ИЗАХМЕТОВ
Қорғалжын аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондықтан Президенттің қанша қаражат кетсе де ел өмірінде маңызды рөл атқаратын конституциялық реформаларды референдум арқылы халық өзі шешсін деген ұсынысы дұрыс деп ойлаймын.

– *Заң жобасында Конституциядағы 98 баптың бұл жолы 33-ішінде қоғамда көптен бері сөз болып жүрген 7-баптың 2-тармағындағы «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөздің өзгеріссіз қалуы жұртшылық арасында алаңдаушылық тудырып отырғаны байқалады. Тіпті, кейбір белсенділер үштен біріне өзгеріс пен толықтыру енгізілетін болса, алдағы уақытта тағы жемап-жасқан жүргенше неге бірден «Жаңа Қазақстанның жаңа Конституциясын» жасамаймыз дегенді ашық айтуда. Бұл туралы сіздің пікіріңізді білесіз?*

– Заң жобасында әлі де әттеген-ай дейтін тұстардың бар екені рас. Соның бірі өзіңіз тілге тиек етіп отырған 7-баптың 2-тармағы. Менің пікірім қазіргі халықаралық жағдайда оны өзгертуге болмайды. Әлемдік саясаттағы жалпы жағдайды өзіңіз де біліп отырсыз ғой. Ресей Украинаны неге басып алды деген кезде, дәл осы тіл мәселесінің маңызды



Өмірәлі ЖАЛАИРИ,

Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры, заң ғылымдарының докторы:

БИЛІК ОРГАНДАРЫНДА ТЕК КӘСІБИ МАМАНДАР ҚЫЗМЕТ ЖАСАУЫ КЕРЕК

рөл атқарғанын сезген шығарсыз. Ресми тіл деген қазіргі жағдайда керек боп тұр. «Мемлекеттік тіл туралы» арнайы заң қабылдап, жұртшылық алаңдап отырған мәселенің бәрін сонда жан-жақты көрсетсек те болады.

– *Конституция өзге заңдардан бәрібір жоғары тұрады емес пе?*

– Қазақ тілін дамыта алмай отырғанымыз орыс тілінің ресми тіл статусына байланысты екені рас. Қолданыстағы «Тіл туралы заң» да ескірді, бізге жаңа заң керек. Онда көп мәселелерді нақтылап жазып қоюға болады. Соның бірі – мемлекеттік қызметке қазақ тілін білмейтін адамды жібермеу. Қазір бізде шалақазақ министрлер аз емес. Келесі бір маңызды мәселе – жарнама. Көшедегі жарнамаға қарасақ өз елімізде тұрсақ та шетелде не Ресейде жүргендей күй кешеміз. Оның бәрі міндетті түрде ең алдымен қазақ тілінде жазылу керек. Оған бізге ешкім кедергі бола алмайды.

– *Конституциялық Соттың 11 судьясының төртеуін және Сенаттың келісімімен төрағаны Президент тағайындамақ. Бұл мәртебелі соттың тәуелсіздігіне нұқсан келтірмей ме?*

– Біз Президенттік басқару нысанында өмір сүріп жатырмыз ғой. Бұған дейін суперпрезиденттік басқару жүйесінде де болдық. Мемлекет басшысы өзінің бірқатар өкілеттігін Парламентке берді. Сондықтан еліміз әлі де Президенттік басқару нысанында болған соң ол міндетті түрде өз өкілін сайлауы керек. Ол дұрыс. Конституциялық Соттың үш-үштен 6 судьясын Сенат пен Мәжіліс тағайындайтын болады. Оның еш сөкеттігі жоқ. Өйткені, бізде партиялық жүйе әлі онша дамымаған. Партияларды тіркеуде қол жинау үшін қажетті қолдаушылар саны 5 мыңға дейін азайтылды. Шың халықтың мұнын айтатын, оның мүддесін қорғайтын жаңа партиялар пайда болады. Сол

кезде біртіндеп Парламенттік басқаруға да көше бастаймыз. Оның да уақыты келеді. Көп өкілеттікті Президент Парламентке беріп жатыр. Енді Парламенттің құзыреті кеңейеді. Депутаттардың 30 пайызын халық өзі сайлайды. Халық өзі таңдайтын болса Парламентте біртіндеп белсенді, мықты депутаттар пайда болады деп ойлаймын.

– *Бір мандаттық аумақтық сайлау округінен сайланған депутаттардың қызметіне көңілі толмайтын болса, сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады. Парламенттік тізіммен сайланған депутаттар арасында да үнсіз отыратындар бар ғой?*

– Ол енді партияға, оның мүшелеріне байланысты. Қызметі ойдан шықпаған, жұмысын дамытпаған депутаттарды бұл тізімнен алып тастауға болады. Оны халық шешпейді. Біз оларды 50/50 бола ма деп едік. 30/70 боп қалды. Заң жобасында Мәжіліске Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланатын депутаттар мүлде алынып тасталды. Оны да заңгерлер бұрыннан айтып жүрген. Ассамблея мүшелері халықтың аз ғана үлесі ғой. Бұрын олар бір топтың ғана депутаты болып саналатын. Енді 50-баптың 3-тармағына енгізілген өзгеріс бойынша Сенаттың 10 депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша Президент тағайындайды. Яғни, өзі тағайындайтын Парламент депутаттарының саны 15-тен 10-ға түсіріліп отыр. Мәжілістен Ассамблеяны алып тастады.

– *Референдумда сайлаушылар белсенділігі төмен болады деген де күмән бар.*

– Сондықтан Конституциядағы өзгерістерді халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жан-жақты жеткізу керек. Заңгерлер мен қоғамдағы басқа

да зиялы қауымды халықтың арасына көбірек жіберу қажет. Олар заң жобасындағы өзгерістерді жұртшылыққа барынша түсіндіргені жөн. Өйткені, бізде бұрынғы реформалар үстіртін болды. 2017 жылы мен осындай жұмыс тобының мүшесі болдым. Сонда біз Президентке ұсақ-түйек нәрселерді ұсыныс қылып бердік. Қазір енді Президент қомақты нәрселерді Парламентке беріп отыр. Жоғары аудиторлық палата төрағасы жылына 2 мәрте Парламент алдында есеп береді. Министрліктер бюджет қаржысын дұрыс игермейді деп жатырмыз ғой. Парламент жаңадан жасакталатын болса, бұйырса, соның бәрі дұрыс шешіледі деген үміт бар.

– *Заң жобасын жасауға мамандар қанилықты деңгейде атсалысты?*

– Президент жолдауынан кейін арнайы жұмыс тобы құрылды. Оған белгілі мамандар мүше болды. Заңгерлер де жиналып жұмыс тобына өзіміздің ұсынысымызды бердік. Жалпы, «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жасаған жолдауының аясында жасалған дүние. Жолдауда қалай айтылды, солай болды. Жұмыс тобы бәрін саралады. Енді жоба барлық БАҚ-та жарияланып жатыр. Жаңалыққа халық белсенді қатысуы керек. Референдумға сайлаушылар бармайды деген, менінше, құр бос сөз. Халық қазір оянды.

– *Заң демекші, бізде соңғы 30 жылда 3 заңның жобасы ғана қазақша жасалып, қабылданды. Бұл заң шығарушы билік өкпелерінің қызметіне үлкен сын емес пе?*

– Біз де оны айтып жатырмыз. Ол депутаттарға да байланысты. Менің түсінігімде олардың көбі заңгер, экономист болуы керек. Егер осы уақытқа дейін қазақ тілінде жасалған және сауатты

түрде қабылданған заңдар неге аз дейтін болсаңыз бұл олардың нашар заңгер, экономист болуына байланысты болуы мүмкін.

Бізде заң шығару бастамасына Үкімет, одан кейін депутаттар ие. Депутаттар белсенді болу керек. Заң жобасы жасалса онда міндетті түрде қарайды ғой. Ол үшін ең алдымен депутаттың сауаттылығы керек. Олар кез келген мәселе бойынша өздері бастама көтеріп, заң жобасын беруі маңызды. Бізде нақты өмірде олай емес, барлығы үкімет арқылы кетіп жатыр. Бұл дұрыс емес.

– *Кәсіби Парламент пен Үкімет құру үшін онда ең алдымен кәсіби мамандар болу керек. Біздегі сайлаулардың партиялық тізімінің ең алдында түрлі саладағы танымал адамдар жүреді. Мүмкін қолданыстағы депутаттар туралы заңға да өзгеріс керек шығар?*

– Тізімде барлық маман бар, бірақ қабылданған заңдар шикі болып жатыр. Кәсіби болу үшін онда белсенді азаматтар көп бару керек. Меніңше Парламент ең алдымен кәсіби заңгер мен экономистерден жасакталғаны жөн. Ол үшін партиялар мықты болу керек. Сондықтан біз де қазір партия құрайық деп отырмыз. Атына қатысты түрлі ұсыныстар бар, бірақ әлі нақтыланған жоқ. Оған заңгерлерді көбірек тартпақ ойымыз бар. Депутаттарды белсенді, заң жобасын жа-

мұндай әріптестікті Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университетімен де бірлесіп жасауға болады. Өз басым әр сала бойынша заңгерлерді жеке оқу орындарында емес, заңгерлерді дайындайтын маманданған оқу орындарында жеке бағдарлама бойынша әзірлеген дұрыс деп ойлаймын. Мысалы біздің академия адвокаттарды арнайы дайындау үшін жеке кафедра құрады. Оқу орнына абитуриент келгенде адвокат болам дегенді бір бөлімге жинап, олар адвокатураға қатысты барлық құжаттарды білетіндей жағдай жасайық деп отырмыз. Сол сияқты, Ішкі істер министрлігімен келісім жасап, тергеуші-анықтаушы мамандарын дайындауға бел байладық. Біздің студенттер департаменттерге барып тергеушілерге көмекші болып, тәжірибені біліммен ұштастырады. Ал ІІМ қарасты жоғары оқу орындары бакалавр емес, магистр ғана дайындайды.

– *Жасыратыны жоқ, қазір бізде адвокат болып жүргендердің ішінде заңгерлер ғана емес, бұрын сот, прокурор, тергеуші, полиция сияқты түрлі органдарда қызмет істегендер өте көп.*

– Бізде әлі күнге дейін адвокаттарды дайындайтын арнайы оқу орны жоқ. Көршілес Ресейде Адвокатура институты деген бар. Бізде ондай оқу орны тұрмақ, мамандық та жоқ дайындайтын. Бәрі тек заңгер ғана дайындайды. Сондықтан адвокат болам деген адамға 1-2 курста жалпы теорияны беріп, 3-4 курста адвокаттармен қоян-қолтық араласып, сотқа қатыстырып, арнайы дайындайық деп отырмыз. Олар ешбір органмен байланыспаған жаңа толқын адвокаттары болады. Бұл мәселе бойынша Адвокаттардың республикалық палатасының төрағасымен де келістік. Бізге тәжірибелі мамандарын сабақ беруге жіберіп, бірге қоян-қолтық жұмыс істеуге қызығушылық танытып отыр.

– *Билік органдарының кәсібилігін қалай көтеруге болады?*

– Мықты заңгерлерді өзімізде көбірек дайындауымыз керек. Бір салаға өзге саланың адамын министр етіп тағайындау дұрыс емес. Әр саланы кәсіби маман басқаруы тиіс. Онысз кәсіби билік органы құрылмайды. Бізде оған қажетті маман жеткілікті. Тек соларды білетін, көретін адам керек.

Президент резервіне Болашақпен оқуын бітіріп келгендер көп алынды. Олар қазақы менталитетті жетік білмейді, жоғары оқу орнында да елдегі жағдайға бейімделмеген. Мәселен, жақында Ауыл шаруашылығы вице-министрі етіп резервтен бір жас адамды қойды. Ол бұл саланың маманы емес. Менінше бұл қате. Өзі білмейтін салада ол қалай қарамағанындағыларға дұрыс бағыт-бағдар беріп, ондағы қызметті үйлестіре аларына күмәнім бар.

– *Билік органдарына деген халық сенімін қалай арттыруға болады?*

– Ол билік органдарына жаңа азаматтар келсе ғана шешіледі. 5 маусымдағы референдум сәтті өтсе, бәрі біртіндеп реттеле бастайды. Мәселен, бізде соттың шешімі барлық уақытта бірдей орындала бермейтінін бәріміз жақсы білеміз. Біраз жыл бұрын Тайваньнан академияға бірнеше профессор келді. Олар сапар кезінде енді өз елдеріңіздің бір лауазымды адамымен кездессек деп өтініш айтты. Вице-министр мен өзге де лауазымды тұлғалардың қабылдауында болды. Сонда көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ирак Елнеев сіздерде сот шешімі қалай орындалады деп сұрағанда, олар оны түсінбей жатты. Өйткені, онда сот шешімінің орындалмауы деген түсінік мүлде жоқ. Сол сияқты бізде сот, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдарында бұрынғы сарынымен келе жатқан азаматтар бар. Оларды өзгерту үшін Грузияның бұрынғы реформатор Президенті Михаил Саакашвили сияқты бәрін түгел жанарту керек. Оған қажетті қард бізде жеткілікті.

– *Сұхбатыңызға рақмет.*

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Зан газеті»

ТАЖІРИБЕ

«Алқабилер туралы» заң 2006 жылғы 16 қаңтарда қабылданып, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты барлық құқықтық мәртебені реттейді. Сот алқабилердің қатысуымен қарайтын қылмыстық істерді Қылмыстық процестік кодекстің қағидаларына сәйкес жүргізеді.

ҚПК-нің 632-бабына сай, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық

АЛҚАБИЛЕРДІҢ СОТҚА ҚАТЫСУЫ ЗАМАН ТАЛАБЫ

сотта және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотта алқабилер қатысатын сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет етеді және сот ісін жүргізуді ҚПК-мен көзделген қағидаларға сәйкес жүзеге асыруды күдіктінің, айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты бойынша жүргізеді.

Сот ісінің алқабилердің қатысуымен атқарылатыны туралы Ата Заңда да көрсетілген. Бұл заң тәртібі қазіргі уақытта қылмыстық істер, оның ішінде аса ауыр санаттағы істер бойынша жүзеге асырылуда. Қылмыстық сот ісін алқабилердің қатысуымен қарау қоғам талабы. Сондықтан, алқабилер институ-

ты, біріншіден, халықтың сотқа деген сенімін арттыруға, сот процестерінің әділ болуына, құқық үстемдігін қалыптастыруға, сонымен қатар еліміздегі сот жүйесі жұмысының халықаралық стандарттарға сай болуына ықпалын тигізуде.

Халық алқабилер арқылы сот төрелігін жүзеге асырып келеді. «Алқабилер туралы» заңның 10-бабына сәйкес, Алқабиге кандидаттардың тізіміне:

- 1) тізім жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған;
- 2) өтелмеген не алынбаған сотталғандығы бар;
- 3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;
- 4) судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемле-



Ә.НҮРҒАЛИЕВ,
Ақжайық аудандық сотының төрағасы

кеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ, құқық

қорғау органдарының қызметкерлері;

5) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді.

Алқабиге кандидаттардың тізіміне азаматтарды енгізуге шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді.

Алқабиге кандидаттар ішінде:

1) қылмыстық іс бойынша сот ісі жүргізілетін тілді білмейтін;

2) өздерінің дене кемістігі немесе психикалық кемістігі салдарынан алқабидің міндеттерін атқаруға қабілетсіз;

3) алпыс бес жастан асқандар;

4) діни қызметшілер өздерінің жазбаша өтініші бойынша тізімнен алып тасталады.

Алқабиге кандидаттарды тізімге енгізетін жергілікті атқарушы орган болғандықтан, жасакталған тізімді үнемі тексеріп отыруы қажет және заң талабына сай емес кандидаттарды тізімнен шығарып, өзгерістер енгізуге міндетті.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

Биліктің барлық тармағы мемлекет пен халық игілігіне қызмет етеді. Оның ішінде, әрине, сот билігінің орны айрықша. Өйткені, өркениетті қоғам қалыптастыруда соттар маңызды рөлге ие. Бұл тұрғыда егемен еліміздің Конституциясы сот билігін мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде жүзеге асыру негіздерін регламенттеп берді. Судьялар Президент жарлығымен тағайындалу мәртебесіне ие болды.

7 ТҮЙІННІҢ ЖЕМІСІ



Айгүл САРМАЕВА,
Нұр-Сұлтан қаласы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының
кенес меңгерушісі

ҚР Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы конституциялық заңы, Судья әдебінің кодексі қабылданды. Мұншалықты мәртебе соттарға жүйе беделін арттырып, адам құқықтарын қорғау жөніндегі қызметін тиімді етуде жоғары жауапкершілік жүктеді. Осы жауапкершілік үдесінен шығу, яғни, қоғамды одан әрі демократияландырып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, сонымен бірге заңды мүдделерін қорғауда Жоғарғы Сот тарапынан ауқымды шаралар мен айтулы жобалар қолға алынды. Солардың негізінде сот құрылымы мен өндірісі түбегейлі жаңартылып, жаңғыртылды.

Бұлардың ішінде азаматтар мен заңды тұлғаларды, сондай-ақ, бизнесті, т.б. қорғауда жекелеген санаттағы істерді қарайтын мамандандырылған соттардың құрылуын атап айтуға болады. Бүгінде мамандандырылған экономикалық, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі және кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі, сондай-ақ, әкімшілік соттар, аса ауыр қылмыстар туралы істерді қарайтын әскери және қылмыстық соттар, тергеу соттары халыққа жүйелі түрде қызмет көрсетуде. Бұған қоса, алкабилер мен медиация институттары нық қалыптасты. Осы институттар өз кезегінде халықты сотқа жақындатудың тиімді тетігіне айналды. Сонымен қатар, сот сатылары оңтайландырылып, азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігі артты. Мұндай реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылды және олар сот жүйесінің негізін нық қалауға айрықша ықпал етті.

САҢДЫҚ ЖҮЙЕ

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖОҒАРЫ

Сот ісін электронды жүргізу – бұл қазіргі уақыт талабы. Ол қатардағы сот ісін жеңілдетуге, ҚР азаматтары үшін сот жүйесінің ашық және қолжетімді болуына мүмкіндік береді. Электрондық форматтың бір ерекшелігі ақпараттық жүйе әкімшілік істің материалдарын цифрлы түрде сақтайды және жоғары қауіпсіздік деңгейі бар. Барлық процестік құжаттардың электрондық карточкалары бар. Сот актілері соттың базасына уақытылы енгізіліп отырады. Электрондық сот өндірісінің негізгі артықшылығы әкімшілік істер мен материалдарды жедел қарау, тараптардың сот процесіне дайындығын жеңілдету болып табылады. Электронды сот ісін жүргізу үшін сот отырысының залдары арнайы техникамен жабдықталған. Сот отырысының хатшысы процестің әрбір қатысушысына код жанынтығын ұсынып, ол коды «Төрелік» АЖ енгізгеннен кейін процесс қатысушылары бүкіл сот талқылауы барысында іс материалдарына қол жеткізе алады. Электрондық формат сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді, материалдарды бұрмалау және құжаттарды ауыстыру тәуекелдерін болдырмайды, бюджет қаражатын үнемдейді.

Бүгінгі күні электронды талап-арыз сотқа электронды үкімет порталы арқылы (www.egov.kz) беріледі. Электрондық нұсқада берілген талап-арыз сотқа жіберілген соң, бірер минутта (шамамен 20-30 минут ішінде) ол тиісті сотқа түсіп, тіркеуге алынады. Осы талап-арыз тиесілі сотта тіркелген сәтте, талапкерге (немесе арызданушыға) электрондық бақылау жүргізуге логин мен пароль беріледі, яғни, оған жолданады. Еліміздің Жоғарғы Сотының ресми сайтында осы логин мен парольді енгізіп, іспен ыңғайлы таныса алады. Электрондық талап-арыз көшірмелерін тіркегеннен кейін ол сотқа қаралып, қабылданғаны немесе кейін қайтарылғаны туралы хабарлама арыз іесіне электрондық портал арқылы немесе SMS хабарлама арқылы ескертіледі. Азаматтар үйлерінде ғаламтор арқылы электронды түрде талап-арыздарын беріп, сол арыздарының қандай сатыда жүріп жатқанын қадағалай алады. Аталмыш жүйе басқа мемлекеттік органдармен ақпарат алмасуға қолайлы, жүйені пайдаланушыларға тіркеу рәсімі жеңілдетілген, ақпарат алу жүйесі жеделдетілген, барлық тіркеу түрлері онлайн режимінде көрінеді. «Төрелік» ақпараттық жүйесі – сот саласындағы жетістіктердің бірі. Құжаттардың сауаттылығы, түсініктілігі, ұқыптылықпен дайындалуы халықтың сот жұмысын бағалауына мүмкіндік береді.

Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында 2022 жылдың наурыз айында – 38, сәуір айында 26 іс электрондық форматта қаралды.

Тәуелсіз елімізде ақпараттық технологиялардың қолданылуы ілгері жылжып келеді. Бүгінгі күні еліміздегі көптеген мемлекеттік органдар іс жүргізудің озық технологияларын, электрондық құжаттар айналымын пайдаланады. Бұл игі үрдістен соттар да тыс қалмай, іс жүргізуде заман ағымына сай жаңа жүйені меңгеруде. Соттармен арадағы құжат айналымы мәселесі бірте-бірте қағаздан электрондық форматқа ауысып келеді.

Сөз соңында, біздің айрықша айтқымыз келгені, осындай үдерісті және қарқынды даму жолында еліміздің ары қарай қарыштап дамуы үшін электронды модельге көшу біз үшін де және ел үшін де аса қажеттілік деп есептейміз.

Айдана БЕРІКОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік
сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

ТЕМІРҚАЗЫҚ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ДАУЛАРЫН ШЕШУДІҢ РЕТІ

Мемлекеттік сатып
Малудың ел эконо-
микасында алатын орны
үлкен.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 4-бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру мәселелерін қарастырады. Сондай-ақ, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып алуға қатысушылар арасында сөз байласуға жол бермеу, мемлекеттік сатып алу процесінің, оның ішінде өнім берушілердің коммерциялық құпияға заңды құқықтары сақтала отырып (мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін), ашықтығы мен айқындығы, отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу заңдылықтарын реттейді.

Мемлекеттік сатып алу процесі:

- 1) мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын) әзірлеуді және бекітуді;
- 2) өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;
- 3) мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтиты.

Аталған мемлекеттік сатып алудың өнім берушіні таңдау және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу процесі жария-құқықтық қатынастардан туындайды. Сондықтан осы процесс барысында туындайтын даулар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің талаптарына сәйкес әкімшілік іс жүргізу тәртібімен қаралады.

Ал мемлекеттік сатып алудың мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау процесі шарттық қатынастардан туындайтын дау ретінде азаматтық іс жүргізу тәртібімен қаралады.

Мемлекеттік сатып алу даулары бойынша әкімшілік актіге және әре-

кетке (әрекетсіздікке) дау айту және әрекет жасауды міндеттеу туралы талап қоюлар қойылады.

Аталған даулар бойынша дәлелдеу міндеті ӘРПК-тің 129-бабына сәйкес, талап қоюшыға құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғаны туралы өзіне мәлім болған уақытты, келтірілген залалдың мөлшерін, сондай-ақ, әрекет жасауды міндеттеу талабы бойынша өзі үшін қолайлы фактілерді дәлелдеу, ал жауапкерге қабылданған әкімшілік актінің және әрекет жасаудан бас тартудың негізділігін дәлелдеу жүктеледі.

Мемлекеттік сатып алу даулары бойынша, заңның 47-бабына сәйкес, дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі қарастырылған және ол міндетті болып табылады.

ӘРПК-тің 9-бабының 3-бөлігіне сәйкес, мемлекеттік сатып алу даулары бойынша талап қоюлар сотқа, заңның 47-бабында қарастырылған дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі сақталғаннан кейін беруге болады.

Мемлекеттік сатып алу даулары бойынша жауапкер ретінде мемлекеттік мекемелер болғандықтан, талап қоюшы талап қоюды сотқа беру үшін мемлекеттік бажды Бюджеттік кодекстің 49-бабы 1-бөлігінің 36) тармағына сәйкес, республикалық бюджетке (БСК 108125) төлеуі тиіс.

ӘРПК-тің 143-бабына сәйкес мемлекеттік даулар бойынша уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына дау айту туралы әкімшілік істер бойынша алдын ала тындау сотқа талап қою берілген күннен бастап 20 жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.

ӘРПК-тің 146-бабының 2-бөлігіне сәйкес уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына дау айту туралы әкімшілік істер оған сот



отырысында талқылау тағайындалған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде қаралады және шешіледі.

ӘРПК-тің 168-бабының 4-бөлігіне сәйкес, уәкілетті органның мемлекеттік сатып алуды өткізуді тексеру қорытындылары бойынша шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына дау айту туралы әкімшілік істер бойынша апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім шығарылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде берілуі мүмкін.

ӘРПК-тің 151-бабына сәйкес шешім әкімшілік істі талқылаудан кейін шығарылады және ауызша талқылау аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей дайындалады. Айрықша жағдайларда әкімшілік істің күрделілігі ескеріле отырып соттың шешімі ауызша талқылау аяқталған күннен бастап 1 айдан кешіктірілмей дайындалады. Шешімді шығару күні болып – ауызша іс жүргізу бойынша шешім жарияланған күн, ал жазбаша іс жүргізу бойынша соттың шешімінде көрсетілген күн саналады.

ҚР Азаматтық процестік кодекстің 401-бабының 2-бөлігіне сәйкес, мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі сот шешіміне апелляциялық шағымын жоғары тұрған органның міндетті түрде келісімі болған кезде бере алады.

М. СӨРСЕНОВ,
Қызылорда облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

СУДЬЯ – ЕЛ АЙНАСЫ

кәсіби қызметін адал атқару, Конституция мен одан бастау алатын өзге де заңдарды мүлтіксіз орындау, әділеттілік, қиянатқа жол бермеу, тазалық, абырой-бедел, қызметте және күнделікті өмірдегі адамгершілік пен мораль нормаларын, мінез-құлықтың этикалық ережелерін сақтау секілді міндеттемелерді талап етеді.

Елдегі сот саласы ҚР Конституциясын, «Сот жүйесі және судьялар статусы туралы» заңға басымдық береді, «Адам құқықтарының жалпы декларациясын», «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті», сондай-ақ, судьялар мінез-құлқының бірыңғай этикалық стандарттарын орнату қажеттілігін үнемі назарда ұстап, осы міндеттемелер негізінде этика, әдеп нормалары мен талаптарын сақтайды.

Айгерім ҚАДЫРЖАНОВА,
Алақол аудандық сотының кенес меңгерушісі
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ОТБАСЫЛЫҚ ДАУЛАРДЫ БЕЙБІТ ШЕШУ ТИІМДІ

Байзақ аудандық сотында судья А.Телесбаеваның, «Бастау» жұмыс тобы мүшелерінің, аудан әкімдігі бөлім басшыларының, психологтің, аудандық Билер кеңесі мүшелері мен төрағасының, аудандық АХАТ бөлімі өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

Жиын барысында А.Телесбаева «Бастау» жұмыс тобының атқарған жұмыстарына тоқталып, «Отбасылық сот» пилоттық жобасын дамыту үшін жұбайларды неке бұзуға итермелеген себептерді анықтап, оларды жою мақсатында қандай іс-әрекеттер өткізіліп жүргенін айтты. Алдағы уақытта ондай

келеңсіздіктер мен түсініспеушіліктерге жол бермеу керектігін айтып, пікірлерімен бөлісті. Жұмыс тобына жұмыстарын жандандыруды ұсынып, отбасын сақтау және тараптарды татуластыру жөнінде шараларын одан әрі жалғастыру қажеттігін айтты.

Билер кеңесінің төрағасы М.Болатбеков өз сөзінде сотқа жүгінудің баламалы әдісі ретінде алдағы уақытта Медиация институтын жандандыру қажеттігіне тоқталды. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін халық арасында даулы және шиеленісті жағдайларды сотқа жеткізбей шешу мәдениетін қалыптастыруға барынша атсалысатынын жеткізді.

Іс-шара барысында барлық қаты-

сушылар сөз алып, пікірталас жүргізіп, бірқатар ұсыныстар енгізді. 2022 жылдың 3 айында атқарған жұмыстары бойынша баяндап, алдағы уақытта әрқайсысы өз тарапына қатысты бұл іске үлес қосатынын баяндады.

Дөңгелек үстел соңында қатысушылар барлық қойылған сұрақтарға жауап алып, пікір алмасты. «Бастау» жұмыс тобының мүшелері баяндамашының пікірін толық қолдап, әр орган өз бағыты және өз кәсібі бойынша отбасылық дауларды шешудің соттан тыс тәртібі туралы кеңінен хабардар болу үшін кеңестері мен мәлімет беретінін айтты.

Байзақ аудандық сотының
баспасөз қызметі
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

КӨКЖИЕК

«ҰЛЫТАУ» : ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Ұлытау – әр қазақ үшін киелі мекен. Ұлытау – қазақ тарихының кіндігі. Тарихи деректер мен аңыздарға сүйенсек, қазақ елінің алғашқы құрылтайы осы мекенде болған. Бұл мекенде 600-ден астам тарихи ескерткіштер бар болса, олардың көпшілігі «Ұлытау» мұражай-қорығының тарихи-мәдени картасына енген.

«Үш жүздің басын қосқан» қасиетті Ұлытаудың жас ұрпақтың тәрбиесінде, тұлғалық қалыптасуында алатын орны ерекше. Отан-сүйгіштік, елжандылық, тарихты қастерлеу сияқты ұғымдарды жастар бойына сіңіру Ұлытау тарихын оқып-үйренуден басталатыны анық.

Осы тұрғыда Алматы менеджмент университеті жыл сайын І-II курс студенттеріне арналған оқу-танымдық практикасын ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған. Практикаға тек қазақ топтарының ғана емес, орыс, ағылшын топтарының да студенттері қатысады. Сонымен қатар, практикаға қатысушылардың ұлттық құрамы да әртүрлі.

Алғашқы жылдары бұл практика Ұлытау жерінде өткенімен, жаппай карантин уақытында тек қала шеңберінде өтетін болған. Бұл «Ұлытау» оқу-танымдық практикасы биылда өз жалғасын тапты. Практиканың басты мақсаты студенттерді қазақ халқының құндылықтарымен жете таныстыру.

Студенттер топ-топка бөлініп, әр топқа алдын ала дайындалған кейс тақырыптары ұсынылады. Осы кейс міндеттерін орындау барысында студенттерге мұражай, көрме, театр, кітапхана тағыда басқа қазақ халқының мәдениетінен, тарихынан, салт-дәстүрінен хабар беретін мәдени орындарға бару жүктеледі.

Биыл да әдеттегідей практиканың алғашқы күні кітапханадан басталды. Мұнда студенттер қазақ халқының тарихына, тұрмыс-тіршілігіне қатысты материалдармен танысып, деректер жинады. Бұдан кейін «Қазақ өнері»,

«Қазақ әдебиеті», «Қазақ театр өнері», «Қазақ киносы», «Мұражайлар» бағыттары бойынша жұмыс жасады. Өнер адамдарымен кездесіп, сұхбат өткізді. Мұражайларда қазақ тарихымен, тұрмысымен танысып, қажетті ақпараттар жинады.

Практиканың екінші сатысында бұған дейінгі жиған білімдерін іс жүзінде көрсетулері керек. Ол үшін «Ғұндар» этноауылына экскурсия ұйымдастырылды. Бұл экскурсия студенттерге керемет әсер етті. «Шашу шашудан» басталған бағдарлама өте көтеріңкі көңіл күйде өтті.Студенттер қазақ халқының салт-дәстүрлерін көріп, ұлттық ойындарын тамашалады. Көптеген қызықты, мазмұнды мәліметтермен танысып, алтыбақан тепті. Бауырсақ пісіріп, жүн сабады. Жастарды жауынгерлік өнерге тәрбиелейтін садақ ату өнерін тамашалап, өздері де садақ атудан бәсекеге түсті. Жоғары көңіл-күйде өткен іс шараға ауа-райының қолайсыздығы да кедергі келтіре алмады. Ат үстіндегі өнерде қазақ қыздарының жігіттермен бірдей өнер көрсетуі студенттерге өте қатты әсер етті. Ат өнері атадан қалған мұра екендігіне жастардың көзі жеткендей болды. Практика жұмыстары күнделікті инстаграмм желісінде беріліп отырды. AlmaU ұжымының жыл сайын ұйымдастыратын танымы мен тағылымы мол практикасы көңілге медеу болды.

Тағылым кезінде студенттер өз бетінше жұмыс істеу, мәдени, тарихи құндылықтар туралы мәліметтерді жинау барысында таным түсініктері артып, білімдері кеңейеді. Қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, салт-дәстүріне деген қызығушылықтары артады. Бұл тәжірибенің басты құндылығы да осы танымдық іс-әрекеттерде жатыр.

Б.БЕЙСЕМБИЕВ,
Алматы менеджмент университетінің
аға оқытушысы

ҰРЛЫҚ

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА



Мал – ауыл халқының күнкөрісі, берекесі. Ол азық қана емес бүгінгі күні нағыз табыс көзі. «Малым – жанымның, жаным – арымның садақасы» деп отырған ауылдағы ағайынның берекесін қашырып, айдың-күннің ааманында жайылымдағы малын айдап кететіндер көбейгені өкінішті. Түн жамылып қораға баратындарды, жазықсыз жандардың обалына қалатындарды қазақ баукеспе, ұры, қарақшы дейді.

Қазіргі кезде, сол мал ұрлығына қатысты жауап-

кершілікті күшейту қажеттілігі айтылууда.

Осыған орай, Қылмыстық кодекске 188-1-бап қосылып, яғни, мал ұрлау мазмұнымен толықтырылды. Мал ұрлығы енді ауыр қылмыс қатарына жатқызылды.

Бұдан бөлек, енді мал ұрландар мен малынан айырылғандар ымыраға келе алмайды.

Мал ұрлығымен күресудің тағы бір амалы – малды есепке алу, сәйкестендіру.

Осы заң қабылданғаннан бері, ауданымызда мал ұрлығы бәсеңдеді деп айтуға болады.

Себебі, Әйтеке би аудандық сотымен аталған бап бойынша былтыр, яғни 2021 жылы 3 қылмыстық іс қаралып, 3 адамға қатысты үкім шығарылып, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалса, 2022 жылдың осы кезеңіне дейін мал ұрлығына қатысты істер қаралған жоқ.

Б.САРСЕНБАЕВА,
Әйтеке би аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Баспасөз – 2022

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

«Юридическая газета»

жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

«Заң» журналы – 75849

«Фемида» – 75858

Байланыс телефоны: 8 701 276 8989

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА

ӨРТУРА

2. Алматы қ. Бостандық ауданы сотына Хохлова Светлана Георгиевнадан 1961ж.т. Хохлова Ирина Геннадьевнаны қайтыс болды деп тану туралы талап-арыз түсті. 1961ж.т. Хохлова Ирина Геннадьевнаға қатысты ақпарат білетін азаматтарды осы хабарландыру жарияланғаннан бастап үш ай ішінде Алматы қ., Орбита-2 ықш. ауд. 20а үй мекенжайы бойынша Алматы қ. Бостандық ауданы сотына хабарлауын сұраймыз.

5. Семей қалалық соты 06.09.1942 жылы туған, Семей қаласы, Юность көшесі, 57 үй, 41 пәтерде тұратын Кожурина Ирина Александровнаның өтініші бойынша 1964 жылы 16 қыркүйекте туған, Ресей, Брянск қаласының тумасы, азамат Кожурин Александр Михайловичті хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғады. 1964 жылы 16 қыркүйекте туған азамат Кожурин Александр Михайловичтің жүрген жері туралы ақпараты бар адамдардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 айлық мерзімде Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 22 үй, 403-кабинет, тел.: 87222601021 мекенжайы бойынша Семей қалалық сотына хабарласуын сұрайды.

12. «ТрансОйл» СК» АҚ акционерлерінің назарына!				
2022 жылғы 29 сәуірде болған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары туралы хабарлаймыз. Акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беру құқығы бар 1 342 640 акцияға иелік етуші акционерлер қатысты, бұл «ТрансОйл» СК» АҚ-ның дауыс беруші акцияларының жалпы санының 998,72 % құрайды.				
Дауыс беру қорытындысы				
Күн тәртібі		Жақтап	Қарсы	Қалыс қалған
№	Мәселелері			
1	«ТрансОйл» СК» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.	1 342 640	жоқ	жоқ
2	Директорлар кеңесінің қазіргі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату.	1 342 640	жоқ	жоқ
3	Директорлар кеңесінің сан құрамын белгілеу және оның мүшелерін сайлау.	1 342 640	жоқ	жоқ

14. СК-095 ЖШС, Алматы қаласы, Жетісу ауданындағы, Қазыбаев к-ші, No264, мекенжайында орналасқан «Өндірістік ғимаратқа жылытылмайтын қойма құрылысы» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар қоғамдық талқылау түрінде өтетіні туралы хабарлайды. Ақпаратты <https://ecorportal.kz> Бірыңғай экологиялық порталында білуге болады.Қоғамдық тыңдаулар порталда 2022 жылғы 30 мамырда жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күнін құрайды.Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.Бастамашы - ЖШС «СК-095», БСН 980940003138, Байланыс телефондары: + 7 (701) 7114597, эл. мекенжайы: 7114597@mail.ru.Әзірлеуші - «АЛМАТЫ ЖОБАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС, ҚР, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 221П үй, пәтер 3, тел. +7 (775) 2561883., эл. мекенжайы voronin.apk@mail.ru

ТАРАТУ

7. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының мектепке дейінгі «Бота» шағын орталығы мемлекетік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (БИН 090240012998) таратылғанын хабарлайды. Шағымдар 2 ай ішінде хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады. Мекенжайы Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Станционный кенті, Юбилейный көшесі, 19/1, тел. 44-01-99, электрондық адрес www.bota@mail.ru

9. «Ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі «Ансар-Капан» өндірістік кооперативі, БСН 161040001428, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей қаласы, Карменова,72 үй.Тел.87055088395.

10. «Batys Stroy Group» ЖШС, БСН 210840029654, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау обл., Қаракия ауданы, Жетібай ауылдық округі, Жетібай ауылы, Шағын ауданы Т.Әубәкіров, 166 үй, индекс 130134. Тел.+77780660013.

11. Жауапкершілігі шектеулі «Шынар» кредиттік серіктестігі, БСН 120440006354, өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласы, Астана көшесі 100А үй, 2 пәтер, индекс 070700. Тел.87471592724.

13. «Қызыл Таң» ауылшаруашылық өндірістік тұтыну кооперативі, БСН 160440028878, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Басқұншы ауылы, Қаратаев көшесі, 48 үй.

15. «Сәдір Ата» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі, БСН

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-an@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058417221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі,61,кеңсе 23.

Жандос ТЕМІРҒАЛИ,
«KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы басқарма төрағасының орынбасары:

«МАҚСАТЫМЫЗ – ЕЛДІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ИМИДЖІН ІЛГЕРІЛЕТУ»

– Жандос Айбекұлы, өзіңіз басқаратын компанияның 2018–2027 жылдарға арналған даму стратегиясы қалай жүзеге асып жатыр?

– Даму стратегиясына сәйкес, «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ миссиясы – экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту және инвестициялық жобаларды кешенді қолдау арқылы Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

2017 жылы ұлттық компания мәртебесін алған сәттен бастап шетелдік инвесторлармен жұмыс істеу тәсілін жүйелендірді. Сөйтіп, жұмыстың негізгі 4 бағыты айқындалды: ірі компаниялар мен трансұлттық компанияларды (ТҰК) тарту; инвестициялық жобаларды ілестірумен қамтамасыз ету; инвесторлар үшін жұмсақ инфрақұрылым құру, оның ішінде сервистік қолдау көрсету және елдің инвестициялық имиджін ілгерілету.

KAZAKH INVEST тұрақты түрде инвесторлардың Қазақстанға келуіне жәрдемдесу, жобаларды іске асыру үшін алаңдарды анықтау, қаржыландыру көздерін, жергілікті бизнес-серіктестерді анықтау, рұқсат беру және басқа да құжаттарды алуға жәрдемдесу, сондай-ақ, құқықтық және басқа да мәселелер жөнінде кеңес беру бойынша шараларды іске асырады.

Оның даму стратегиясының негізгі мақсаттары: 1) тиімділікті арттыруға бағытталған инвестицияларды тарту; 2) Қазақстандағы инвестициялық ахуалды жақсартуға жәрдемдесу; 3) компания қызметінің ішкі және сыртқы ортасындағы өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін құру.

Шетелдік инвесторлармен жүзеге асырылатын жұмыс нақты қолға



алынған. Инвестициялық жобалар мен инвесторлардың тиісті базасы құрылды. Қазақстан экономикасына инвестиция құйған әрбір шетелдік инвестормен адрестік жұмыс жүргізілуде. Шетелдік инвестордың әрбір жобасына ұлттық компанияның жауапты қызметкері бекітілген, ол тұрақты негізде инвестициялық жобалардың проблемалық тұстарын анықтайды және оларды шешуге қол ұшын созады.

– Компанияның елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі қандай?

– KAZAKH INVEST өзінің негізгі миссиясына сәйкес экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тартуға және инвестициялық жобаларды жан-жақты қолдауға көмектеседі.

Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың келуі өз кезегінде елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді. Инвестициялар ағынын алып қарағанда ел үшін негізгі басымдық бірінші кезекте қосымша жұмыс орындарын құру тұр. Осылайша, KAZAKH INVEST қолдауымен 2021 жылы шамамен 5 мың жұмыс орны құрылып, 3,8 млрд АҚШ долларынан астам қаражатқа 57 жоба

іске асырылды. Сондай-ақ, инвестициялар ағыны капиталдың жиналуына ықпал етеді, зерттеулер мен әзірлемелерге және де жаңа экологиялық таза технологиялардың, басқарудың жетілдірілген әдістерін енгізуге, еңбек дағдыларын дамытуға, қосымша салық түсімдеріне ықпал етеді, бәсекелестікті және ел экспортының кеңеюін ынталандырады.

– Қазақстандық және шетелдік инвесторлар жүзеге асырып жатқан инвестициялық жобалар пулы туралы да мәлімет бере кетсеңіз.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жобаларды іске асыру барысындағы қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету үшін KAZAKH INVEST ҚР Сыртқы істер министрлігімен, сондай-ақ, салалық министрліктер және әкімдіктермен бірлесіп «инвестициялық жобалардың бірыңғай пулын» құрды. Пулға кіру өлшем шарттары: жобаның құны 500 млн теңгеден жоғары болу керек; жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жобалары (отандық және шетелдік инвесторлар); тұрғын үй кешендерінің құрылысын қоспағанда, шикізат емес секторлардың жобалары.

Инвестициялық жобалардың бірыңғай пулы министрліктер мен әкімдіктердің сайттарында биылғы 8 сәуірде жарияланды. Жиналған тәжірибе мен құзыреттердің арқасында бүгінде әлемнің 30-дан астам елінен жалпы сомасы 54 млрд АҚШ долларын (24 трлн теңге) құрайтын 761 инвестициялық жобадан тұратын бірыңғай пул қалыптастырылып, 108 мыңнан астам жұмыс орнын құру көзделіп отыр.

Бұл ретте, іске асырылған жобаларға қарасак, олардың саны жылдан жылға өсіп келе жатқанын байқауға болады: 2017 жылы – 9 жоба, 2018 жылы – 27 жоба, 2019 жылы – 40 жоба, 2020 жылы – 41 жоба, 2021 жылы – 57 жоба. Пул KAZAKH INVEST, сондай-ақ, бейінді министрліктер мен әкімдіктердің сайттарында жарияланды. Және де онда мемлекеттік органдардың жауапты бөлімшелерінің байланыс деректері көрсетілген. Сондай-ақ, жобалар пулы бойынша ақпарат тоқсан сайын жаңартылып, өзектендірілетін болады.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БӨРІНЕН БИІК

Қызылорда қаласындағы жылжымайтын мүлікті жария етуді өткізу жөніндегі комиссияның 2007 жылғы шешімімен азамат Б.-ға қала орталығынан автокөлік желімдеу және автошеберхана мақсатында жер учаскесіне жекеменшік құқығы жария етіліп, 2013 жылы жекеменшікке табысталып, мемлекеттік тіркеуден өткен.

2018 жылы Б. осы жер учаскесін іс бойынша жауапкер Ө.-ге сатқан. 2019 жылы қала құрылысы саласындағы уәкілді органмен құрылыс нысандарын жүргізуге рұқсат берілген. Сол жылы құрылыс-монтаждау жұмыстары басталып, пандемия кезеңінде уақытша тоқтаған.

Қызылорда қаласы әкімдігі тарапынан жүргізілген мониторинг барысында жауапкер Ө.-нің иелігіндегі желімдеу орталығы мен автокөлік шеберханасы құрылысы үшін табысталған жердегі құрылысын құрылыс салу (қызыл сызық) сызығына 3,30 шаршы метр қабаттасып тұрғаны анықталып, сотқа аталған құрылысты өз есебінен бұздыруды, 3,30 шаршы метр жер бөлігін мемлекет меншігіне қайтаруды сұрап талап қойған.

Бірінші саты соты талапты ішінара қанағаттандырған. Сот шешіміне берілген апелляциялық шағым негізінде істі қараған азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төмендегідей тұжырымға келді:

– 2013 жылы азамат Б. даулы жерді мемлекеттен жекеменшігіне сатып алған, ол кезде қолданыста 2009 жылы бекітілген Бас жоспар болған, яғни, жауапкердің

меншік құқығы Бас жоспар 2019 жылы өзгеріске ұшырағанға дейін болғандығы туралы;

– Бас жоспарға өзгерістер енгізудің алдында Қызылорда қаласының тірек жоспары жасалынып, онда жауапкерге және басқа да қала тұрғындарына рәсімделіп бөлінген жер учаскелері көрсетілуі тиіс болған және енгізілуі жоспарланған өзгерістермен олардың жекеменшікке деген конституциялық құқықтарына нұқсан келмеуі міндетті деген;

– Жер кодексінің талаптарына сай, жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін айрықша жағдайларда, меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен мүліктің тең құны өтелген кезде не сот шешімі бойынша ғана мәжбүрлеп иеліктен шығарылуы мүмкін екендігі жөнінде тұжырымға келген.

ҚР Конституциясының 6-бабының 1-бөлігінде Қазақстанда жер мемлекеттік меншік пен жеке меншік деп танылатыны және бірдей қорғалатыны бекітілген. Демек, жауапкердің құжаттары заңды әрі толық. Сондықтан оның конституциялық құқығы бұзылмауы тиіс.

Сот алқасы Қызылорда қала әкімінің жоғарыда аталған талабын ішінара қанағаттандыру туралы бірінші саты соты шешімінің күшін жойып, талапты қанағаттандырудан бас тарту жөнінде жаңа шешім шығарды.

Қызылорда облыстық сотының
баспасөз қызметі

ТЕК ЖҮРСЕҢ, ТОҚ ЖҮРЕСІҢ

Алаяқтар көбінесе шешендік дарыны бар, өтірікті шыңдай әетіп жеткізетін айлакерлігі басым адамдар. Олар тез әрекет етіп, құрбандарының ойлануына, басқадай ақпарат аууларына мүмкіндік бермейді. «Тез шешім қабылда, әйтпесе, үлгермейсің» деп асықтырады, ойлануға уақыт қалдырмайды.

Жылдам шешім қабылдау қажет болғандықтан, зардап шегуші оның ұсынысын қабылдауға мәжбүр болады. Тіпті, оларды сендіру үшін нотариалдық кеңсеге шақырып, ақша қаражаттарын қарыз берген деп жаздырып қолхат алады. Көбінесе жапа шеккен адамдар өздерінің не істеп жүргендерін түсінбейді. Алайда, алданбаймын деп тұрған адамдар алаяқтың айтқанын қалай істеп, оның жетегінде кеткенін білмей де қалады. Сот отырысында қарапайым сұрақтар қойған кезде, мысалы ол кісінің қалалық әкімшіліктің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығында істемейтінін неге сұрастырып, білмедіңіз деген кезде жәбірленушілер білмеймін, сендім деп не жауап берерін білмейді.

Сонымен қатар, алаяқтар берген уәдесін орындамай жатып, құрбанына осындай мүмкіншілігі бар екенін оның ағайындарын, таныстарын тартуды тапсырып, тағы да құрбандарының санын көбейтіп, табысын ұлғайтады.

Сотта қаралған осы санаттағы қылмыстық істерді саралау барысында бұл қылмысты адамның сенімін теріс пайдаланып, алдау арқылы оның мүлкін, ақшасын жымқыру немесе бөтен мүлікті иемдену үшін жасалғаны дәлелденді. Негізінен, алаяқтар мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй алып беру, үй салу үшін жер учаскесін алып беру, жалақысы жоғары жұмысқа орналастыру, банктен несие алып беру қызметін ұсынады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, алаяқтық қылмысын жасайтындар көбеюде. Мысалы Атырау қалалық №2 сотында ғана 2019 жылда 39 адам сотталған болса, 2020 жылда барлығы 64 адамға қатысты үкім шыққан, ал 2021 жылдың 12 айында бұл көрсеткіш көбейіп барлығы 95 адам сотты болған. Соңғы 3 жыл ішінде сотты болғандардың 92-сі әйел адамдар.

Өкінішке қарай, азаматтар көбінесе олардың айтқандарына сеніп, бір нәрсеге оңай әрі тез қол жеткізу үшін заңға қайшы әрекет жасап (кезексіз жер телімін, пәтер алу), олардың арбауына түсіп, жиған тергенін, тіпті басқалардан қарызға ақша алып, өз еріктерімен апарып береді. Соңынан, сот отырысында олар жәбірленушілер ретінде өздерінің ақшаларын сотталушыдан қайтаруды соттан талап етеді.

Атырау қалалық №2 сотының 2020 жылғы 23 қарашадағы үкімімен Н. деген азаматша Қылмыстық кодекстің 190-бабының 3-бөлігінің 4-тармағымен кінәлі деп танылып, 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырылған. Сотталғаннан 2 жәбірленушінің пайдасына 3 250 000 теңге өндірілген. Қылмыскердің жасы 35-те, жоғары білімді, ажырасқан, тәрбиесінде үш жас баласы бар, бұрын алаяқтық үшін бірнеше рет сотты болған, жұмыста жоқ.

Қылмыстық іс материалдарынан Н. бөтеннің мүлкін, алаяқтық ниетпен, сенімді теріс пайдалану жолымен иелену мақсатында, өзінің танысын «Ембі Мұнай Газ» ЖШС-не инженер-технолог маманы ретінде жұмысқа кіргізіп беремін деп сендірген. Өкініштісі, осының барлығына адамдар бас-көзсіз сенгені, тіпті бір жыл бойы жұмысқа кіргізбегені, ол салада жұмыс істемейтініне де күмән келтірмеген. Нәтижесінде, алаяқ Н. 2 жәбірленушінің ақша қаражатын қолды қылған.

Қорыта келе, алаяқтық қылмысының белең алып тұрған кезінде азаматтар заңсыз әрекетер жасау арқылы бір нәрсеге оңай әрі тез қол жеткізу үшін жинаған қаражаттарын оң-оңай беруден сақ болуы керек.

Ержан АЛИПКАЛИЕВ,
Атырау облысы Атырау қалалық №2 сотының судьясы

РӘМІЗДЕРДІ ҰЛЫҚТАУ – ҰЛЫ МІНДЕТ

Мемлекеттік рәміздер өліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін күллі әлемге жария етіп қана қоймай, мемлекеттің өткені мен бүгіні, болашағы арасындағы сабақтастықты арттырды.

Елімізде 2007 жылы 4 маусымда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңы бекітілді. Сол жылдан бастап 4 маусым – Қазақстанда Мемлекеттік рәміздері күні ретінде мерекеленеді. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе беріледі. Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік пен дербестіктің айқын бейнесі. Елтаңба – қазақ тіліне аударғанда «таңба», «белгі», «мұра» деген мағынаны білдіреді. Бұл тер-

мин ежелгі түркі қағанаты кезінен бастап қолданыла бастаған. Елтаңба негізін құраушы – шаңырақ, ол елтаңбаның жүрегі, ошақтың, отбасының бейнесі. Яғни, бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп өркендеуін, рухани байлығын паш етеді. ҚР мемлекеттік Туы – мемлекеттің негізгі рәміздерінің бірі саналады. Туымыздың бірыңғай көк түсте бейнеленуі әрқашан да бейбітшілік, тыныштық пен жақсылықтың нышанын аңғартады. Сонымен бірге, кез келген халықтың тарихында халқына күш-қуат берген, рухын, жігерін шыңдаған музыкалық шығармалары да болған. Ондай әндер өз заманында сол халықтың Әнұранына айнала білген. Сондай шығармалардың бірі «Менің Қазақстаным» әні. Бұл шығарма мемлекеттің Әнұраны болып 2006 жылдың 6 қаңтарында Парламентте бекітілді.

Рәміздерді насихаттаудағы мақсат – әрбір жас жеткіншектің, азаматтың туған жеріне деген ыстық ықыласын арттыру, құрметін бойға сіңіру. Оларды отансүйгіштікке, адамгершілікке, туған жерінің халқына адал қызмет етуге, елінің Елтаңбасын, Туын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

А.СӘРСЕНБАЙ,
Шалқар аудандық сотының кеңсе жетекші маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА
Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №66 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31